

ТОКИО – 2020

АЛТЫНСЫЗ ОЛИМПИАДА



Болғанынан боладысы бір жылға аунап, кешігіп өткен Токио Олимпиадасы да тарих қойнауына кетті. Енді үш жылдан кейін Франция төрінен орын беріп өткізетін Париж жазғы олимпиадалық ойындарынан бұйырмаған еншімізді ала аламыз ба? Жауабы үш жылдан кейін айтылар.

Токио Олимпиадасына әлемнің 200-ден аса елінен спортшы қатысты. 86 елдің спортшылары медаль иеленді. Қазақстаннан барған атлеттер 8 қола медальмен 83-сатыны місе тұтты. 83-інші орын. Алдымызды түркімендер де орап кетті, олар 1 күміс медальмен 77-орынға тұрақтады.

Орталық Азияның бес мемлекеті ішінде Өзбекстан Токио жазғы Олимпиада ойындарынан 2 алтын, 2 күміс, 2 қола медаль еншілеп, 32-орынға тұрақтады. Қырғыз

спортшылары 2 күміс, 1 қола медаль бөктеріп, 71-сатыға орнықты. Біздің жайды айттық.

РУХТЫ НАМЫСҚА ЖАНУ

Қырғыз спортшылары 2008 жылы өткен Бейжің жазғы Олимпиадасынан кейін медаль алған емес. Осы олқылықты үш бірдей спортшысы толтырып, кемдігін бүтіндеп берді.

(Жалғасы 3-бетте)

САУ БАСҚА – САҚИНА

ТОЙДАН ТЫРҚЫРАЙ ҚАШҚАНДАР

Жуырда бір танысым, танысым болғанда да жолдас есебінде аралас-құрластығы бар жігіт тойына шақырды. Отызды орталап қалғанда бас құрап үйленіп отыр. «Мен екінші рет отау құрмаймын, тойыма келесің ғой» деді.

Локдаун уағында, карантин кезінде тойға бару тәуекел етумен тең дегендей тартыншақтадым. «Қорықсан, келме» деді. Көңілі суып кетпесін деп «жұмыстың реті келсе, әрине, жақсылығына ортақ болам» дедім. Бармадым, бірақ іссапарда едім. Тойы өткен соң хабарласты. «Сен секілді қорқақтар келмегені болмаса, жақсы өтті. Жиыны 200 адам болған о баста, қысқарта-қысқарта 60-қа түсірдік. Тез таркалды, бастысы тыныш, шыркы бұзылмады». Досым көңілді, тойы тыныш өткеніне. Енді екінші мысал. Шілде айында ауылдағы жекжатымыз қалада тұратын інісінің қызын ұзатуға келді. «Бармасан, келмесен, жат боласын» ғой баяғы, ағайынның көңілі деген тағы бар. Ауылда еңбектің топайкөгі, дені сау шауып жүрген адам әлгі кісі. Біз ес білгелі «Жайлар сырқаттанып, емделіп келіпті» дегенді естіген емен. Сол ағамыз інісінің қызын ұзатамын деп тойханаға бармай ма. Карантиндік шектеуге орай ағыл-тегіл адам болмаған да. Бірақ тойдан ауылға ауырып қайтады. Өзі ғана емес, әйелі, көлік айдап барған баласы та сырқат жұқтырады. Қалыпты тұмау санап, екі-үш күн үйінде сорпа сіміріп, сарымсақ жеп, дәріні басып ішіп ем-дом жасайды. Тынысы тарылып, ауа жұту мұнға айналғанда жедел жәрдем жеткен. Өкпенің қабыну көрсеткіші жоғарылап, ауру асқынып кеткен. Он күн ессіз жатып, беті бері қарады. «Енді бір туғаным тұрмақ, балама той жасаса да бармаспын» деп отыр.

Барып-барып қайтты «ана жаққа». Басына түсті, маңдайына тиді мына мылтықсыз майданда мидай қидаласқан кеселмен күрестің зардабы.

Осындай оқиғалар күнде болып жатыр. Тіпті өмірімен қош айтысып, тойға барып, тырапай асып, дәм-тұзы таусылып жатқандар қаншама? Жасқа да, жасамысқа да қарамай қуырып бара жатқан ковид күшіне мінсе де жиын-тойға тұсау бола алмай тұр.

Ғаламторды Теміртаудағы тойдан қашқан көпшіліктің бейнесі кезіп жүр. Мониторингтік тексеру тобы барғанда мейрамхана әкімшілігі ішке кіргізбей бөгет болған. Сол мезетте тойхананың ту сыртынан жертөледегі есіктен сыртқа лап қойған тойшыл қауым маң далада безіп барады. Етегі делендеген қыз-келіншек, мама биедей найқалып жан сауғалаған кексе әйелдер, ақсай басқан ақсақал, безіп бара жатқан бозбала бықпырт тигендей тырағайлап жүр. Жақсы көрініс пе осы? Теміртау қаласы әкімінің баспасөз қызметі карантин талабын бұзып той ұйымдастырған мейрамхана иесіне 670 910 теңге мөлшерінде айыппұл салынғанын хабарлады. Мұндай айыппұл аркалап, «тұтылғандар» жетеді. Әрі күнде көбейіп жатыр олардың қатары. Есесіне, ебін тауып есебін жасап, жолын беріп жұмысын жүргізіп жатқандар да бар.

Ауру өршіп тұрғанда тойға бару, той жасау, тағы айтамыз – үлкен тәуекел. Алпыс адамның басын қосамын деп алпыс үйлі ауылға ауру таратып жіберу бір пәсте. «Бұдан жаман күнде де тойға барғамызды» айтатын, жақсылығын жұртшылықпен бөлісуге асық халық әлі бейғам сонда да.

Қуаныш ПАХМЕТ

СҰХБАТ

Жазғы олимпиадалық ойындардың оты бөсеңдеп сөнгуге айналғанда паралимпиада додасы басталады. Былтыр өтуі тиіс Токио жазғы олимпиадалық ойындары әлемді сансыратып жіберген пандемияның кесірінен кейінге шегерілді. Адамзаттың аурудан ұнжырғасы түсіп, еңсесі еңкейген тұста алауын тұтатқан Токио додасы жаңа дәуірдің жылнамасын ашқандай. Жапон жұртындағы жарыс талай таланттың томағасын сыпырып, тізгінін түрді. Ұлтарактай жерді мекендеген, ат төбеліндей аз ғана халқы бар мемлекеттердің абадан азаматтары алған медаль көрсеткіші бойынша бізді шаңға көміп кетті. Ендігі үміт – мүмкіндігі шектеусіз (шектеулі емес!) параспортшыларымызда.

Токио паралимпиадалық ойындарға қатысуға отандық паравoleyбол құрамасының да мүмкіндігі мол еді. Тек соңғы сәтте, жолдамаға сынық сүйем қалғанда уысымыздан сусып кетті. Қазақстанның отырып ойнайтын вoleyбол (паравoleyбол) құрамасының бас бапкері, спорттың осы түрінің елімізде қарқынды дамуына орасан үлесін қосып, көшін сүйреп келе жатқан Бауыржан Тахауов ағамызбен сұхбатымыз да осы Токио паралимпиадалық ойындардың жолдамасы жайынан өрбіді.

Бауыржан ТАХАУОВ:

ЖАСЫН МІНЕЗ ЖІГІТТЕР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ ӨЛІ



СЫНЫҚ СҮЙЕМ ҚАЛҒАНДА СҮРІНДІК

Jas qazaq: Бауыржан аға, әуелгі сұрақты Токио жазғы паралимпиадалық ойындары жолдамасына қатысты қойсам. Негізгі төрт жылда бір айналып соғатын аламанға қатысуға мүмкіндік мол еді шөкірттеріңізде.

Бауыржан Тахауов: Иә, Токио жазғы паралимпиадалық ойындарына қатысу мүмкіндігіне қарыс қадам қалғанда сүріндік. Былтыр наурыз айында Токио паралимпиадасының жолдамасына іріктеу сайысына қатысу үшін АҚШ-қа ұшып бардық. 16 наурызда лицензиялық турнир басталуы тиіс еді. Бірақ 13 наурызда пандемия болып, амалсыз кері ұштық. Содан бастап қара күзге дейін жігіттер 6 айға жуық уақыт үйлерінде болды. Онлайн жаттығу өткізу командалық спорт түрлеріне келмейді. Сондықтан да бабы босап, ұзақ демалыстың кесірі тиді. Егер де АҚШ-тағы лицензиялық турнир былтыр өз уақытында өткенде біздің жігіттердің дайындығы өте жоғары еді. Қандай құрамаға қарсы салсан да тойтарып, еңсеріп кетуге күш-қуаты да жеткілікті, тактикалық дайындығы да жоғары болды. Бірақ ғаламды уысында ұстап, бүріп жіберген коронавирус індетінің кесірі бәріне тиіп отыр.

Jas qazaq: Қазіргі дайындықтары қалай жігіттердің?

(Жалғасы 3-бетте)

КЕСЕЛ

АУРУДЫ САТҚАНДАР-2

Ақ халатты. Бірақ абзал жан деген атқа лайық емес. Қаржы мониторингі агенттігінің қызметкерлері жалған вакцина паспортын сатқан медицина қызметкерлерін ашкереледі. Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Павлодар және Тараз қалаларында ақшаға құныққан пысықайлар жалған құжатты 5000 мен 30 мың теңге аралығында саудалаған. Гиппократ антын бұзған дәрігерлер енді жауапқа тартылады.



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
71,44



DOLLAR
425



EURO
500



РУБЛЬ
5,83



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Биыл ел Тәуелсіздігіне – 30 жыл. Осы уақыт ішінде тарихымыз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтап, дәріптеп отырған мұражай саласындағы оң өзгерістер мен ауқымды жобалар қандай? Бұл туралы бізге Семей қаласындағы Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры, әдебиеттанушы-философ Тұрдықұл Қасенұлы Шаңбай әңгімелеп берді.



Атқарылған қыруар жұмысты жүйелеп, төрт топқа бөліп айтайын. Олар: құрылыс-жөндеу, қайта жаңғырту, музейлендіру және ғылыми-зерттеу жұмыстары. Мен музейге басшылыққа осы мерейтой карсанында келдім. Сіз білесіз бе, былтыр шілде-тамыз айларында адамзат баласына

Барлығы келушілерге қызмет етуге арналған. ЮНЕСКО-ның жанында ИКОМ бар, халықаралық музейлер Кеңесі. Әлемдік талапта музейдің қуатты дамуын көрсететін басты фактор, ол – әлеуметтендіру. Басқаша айтсак, келушілерге қызмет ету мәдениетінің биік көрсеткіші.

Ал «Тәуелсіздік және абайтану» деген экспозицияны ашу идеясына Елбасының тәуелсіздік жылдары жер-жаһанға Абайды насихаттауы ықпал етті. Елбасы «Абай аманаты» деген мақаласында: «Уақыт бір орында тұрмайды. Ұрпақ жанаралды, қоғам жетіледі, талап өзгереді. Есіме осыдан ширек ғасыр бұрынғы, тіпті одан сәл әріректегі кезең түсіп отыр. Себебі Абайдың ойы мен сөзін күллі әлемдік ауқымда мойындату мәселесін Кеңестер Одағы әлі тараймай тұрып, 1990 жылы халықаралық деңгейде көтерген едік. Бірақ ол кезде бізге құлақ аспады. Әрине, алдымыздан шыққан басты кедергі – Қазақстанның дербес мемлекет еместігі еді. Сондықтан аскак тілегіміз егемендік алғаннан соң ғана қабыл болды» деген болатын. Тәуелсіздік Абай есімін әлемге танытса, Абай музейінде «Тәуелсіздік және абайтану» экспозициясының болуы заңдылық деп есептеймін. Жалпы тәуелсіздік жылдары



көп қатер әкелген пандемия кезінде бізде бір күнде 700-ден астам, мыңға жуық адам жұмыс істеген күндер болды. Сол кезеңнен бірде-бір адам «түшкірмей» аман шықтық. Бәлкім, қазақтың данасы Абайдың рухы қолдаған шығар.

Қаған тәртіппен танның атысы, күннің батысы тыным таппай жұмыс істедік. Соның нәтижесінде белгіленген мерзімде жұмысты абыроймен аяқтадық. Жаңарған Абай музейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзі келіп ашты. Халық көрді.



айналып, тәуелсіз елдің сана институтына қызмет етерін Абай сезген болар.

Тәуелсіздік жылдардағы еліміздің Абайға құрметі ерекше. Биыл еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанда» менің «Елбасының Абайды аскакатуы» деген мақалам тұтас бір бетке жарияланды. Осы мақалада тәуелсіздік жылдары Елбасының хакім Абай есімін әлемге паш еткен еңбегі нақты мысалдармен дәлелденіп жазылды. Осы деректердің негізінде Абай музейінде арнайы «Тәуелсіздік және абайтану» деген экспозиция аштық.

Былтыр музейіміздің 80 жылдығын, әрі Абайдың туғанына 175 жыл толуын тәуелсіздік танымымен үндестіре атап өттік.

Јас qazaq: Абайдың мерейтойына былтыр мол қаржы бөлініп, көптеген мәдени мекемелерде жұмыс жүргізілді. Оның ішінде Абай музейі де бар. Сондай-ақ өзініз музейде «Тәуелсіздік және абайтану» деген экспозицияның ашылғанын да айтып өттіңіз. Осыған кеңірек тоқталып өтсеңіз?

Т.Шаңбай: Абай музейіне арнайы қаржы бөлініп, оның толық жөндеуден өткені рас.

Қайта түлеп ұшқан қырандай болған музейге келушілер ризашылығын білдіруде. Мысалы, біздің музейдің контенті жүз есе байлды десем артық айтқандық емес. Бір мысал ғана келтірейін. Бас ғимараттың екінші қабатында жаңадан ашылған мультимедиа залы бар. Бірден сегіз көрерменге қызмет ететін тач-экрандар қойылған. Сіз басқа көрерменге келергі жасамай, өзіңізге ғана қызмет жасайтын монитордың алдына жайғасасыз. Бір ғасырда Абайға арналып дайындалған құндылықтардың бәрі сіздің алдыңызда. Түймені басып, қалаған тілде қажетті дүниені көре аласыз. Алдыңыздағы тач-экранда осы уақытта түсірілген барлық кинофильмдер, спектакльдер, концерттер, басқа да мәдени шаралар түгелімен осында жинақталған. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жол көрсеткіш бар. Былтыр қайнаған құрылыс жұмыстарының ішінде жүріп, еліміздегі барлық студия, театр тағы басқа мекемелерге хат жазып алдырдық. Барлығы бізді қоллады. Мүмкіндікті пайдаланып баршасына рахмет айтамын.

Музейдің барлық экспозициялары да осындай сандық технологиямен жабдықталған.

Абай музейіне мемлекеттік қолдаудың ерекше екенін жұртқа ашық айту керек. Мәселен, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген мақаласында «Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру керек» деуі бізге үлкен жауапкершілік артады. Осы талаптың негізінде, біз музейдің бір ғимаратын ғылыми-зерттеу жұмысына арнадық. Онда өнердің әр саласында көрмелер, конференциялар, симпозиумдар, кездесулер өткізіліп, лекциялар оқылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жүйелі жүргізіледі.

Јас qazaq: Тұрдықұл Қасенұлы, Абай музейіне келмей тұрып, сіздің көптеген ғылыми-зерттеу орталықтарын нәтижелі басқарғаныңызды ел біледі. Мүмкін, осы тәжірибеніз ескеріліп жұмысқа шақырылған боларсыз. Музейінің басты бағытының бірі, ғылыми-зерттеу жұмысына қысқаша тоқталып өтсеңіз.

Т.Шаңбай: Рахмет. Мені қуантқаны, музей қызметкерлерінің дені жастар. Тұтас түркі дүниесінің мақтаншымы Мағжан айтқан ғой «Мен жастарға сенемін» деп. Бұл – терең сөз. Сондықтан, барлық ғылыми жұмыстардың басына жастарды қойдым.

Жол-жоба көрсету үшін, ең алдымен, ХХІ ғасырға сай «Абай музейінің ғылыми концепциясын» дайындадым. Ол жеті бағыттан тұрады: басым бағыт, концептуалды бағыт, іргелі бағыт, өзекті бағыт, жүйелі бағыт, оқу-әдістемелік бағыт, ағымдық бағыт.

Осы ғылыми бағыттар бойынша, жас ғылыми қызметкерлерге кеңес бере отырып жұмысты қарқынды бастап кеттік. Мәселен, басым бағыт бойынша «Абайтану мәселелері» сериялық ғылыми жинақ дайындалуда. Бүгінде осы жинақтың бес кітабы жарық көрді. Мәскеу қаласынан менің досым, жазушы-академик, «Художественная литература» баспасының директоры Георгий Пряхиннің қолдауымен «Познание Абая – познание самого себя» деген кітап жарық көрді. «Абай музейі» деген безендірілген энциклопедия дайындаудамыз. «Жидебай» атты безендірілген атлас дайындалуда. Мәселен, Лев Толстойдың «Ясная Поляна» қорығы – 412 гектар, оны әлем біледі, ал «Жидебай» қорығы – 6 400 гектар... Ойланатын мәселе көп.

Јас qazaq: Әңгіменізге рахмет!

**Сұхбаттасқан
Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ**

Әлеумет⁰ БЕЙҚАМДЫҚ БЕРЕКЕ БЕРМЕЙДІ

Биыл шыжыған ыстықпен келген құрғақшылық тарихи шығармаларда айтылатын жұтты еске түсірді. Кей өңірде малға азық табылмай, арам қатты. Ақшаның иісін алыстан сезетін делдал мен саудагер алақанын ысқылап жүр, базардағы ет бағасын аспандатып...

Мұндай пәлекетті ауыздықтауға болар ма еді? Әрине. Егер ауа райын болжаушылар мен жұлдызшы қауым (*ондайлар қалса*) сонау ерте көктемде ескерткенде. Атқамінер мен әкім-қара соған орай әрекет еткенде. Қамданған қапы қалмайды. Өткенде редакцияға келген әріптесіміз Төлеухан (*Т.Бідрәлі*) Арқада жұт болғанда Құнанбай қажының мындаған жылқыны шығыстағы Марқакөлге апарып, аман алып қалғанын айтты. «Бұлай қол қусырып отыруға болмайды ғой» деп өкпе-ренішін білдіре кетті. Өзі Маңғыстауға барып, малшыны тым құрыса, сөзбен демеуді жөн көріпті.

Таяуда Біріккен Ұлттар Ұйымындағы Климат тобы Жер бетіндегі табиғи өзгерістерді жан-жақты қамтыған есепті жария етті. Құжатта климаттың бұрын-соңды болмаған қарқынмен өзгеріп, ғаламшарда ыстықтың бет қаратпас сипат алғаны айтылады. Қорқыныштысы сол, климатқа қатысты Париж келісімі шеңберінде қолға алынып жатқан іс-амал жеткіліксіз болып қалуы да ықтимал.

Бүгінгі ахуал қапы қалмауды, қыстың да, жаздың да қамын ерте сайлауды талап етеді. Бұл біраз жыл араға салып оралатын баяғы жұт емес. Ғаламшарда климаттың өзгеруіне байланысты күннің қызуы күшейіп келеді. Мамандар ыстық бұрынғы қалыпты температурадан 1,5 градус жоғары дейді. Егер ол тағы 2-3 градуска дейін көтерілсе, өсімдікті тамырымен күйдіріп жіберетін қуаңшылық, орманды жайпап-жалмайтын өрт, тас камалдың өзін жарып өтетін тасқын, мәңгі мұздықтардың еруі, теңіз суының күрт көтерілуі сияқты апаттан көз ашпайтын сияқтымыз. Күні кеше Еуропаны есенгіреткен сел мен Саха (*Якутия*) өлкесінде 6 млн гектар (*қайсыбір мемлекеттің аумағынан 3 есе үлкен*) алқапты типт-типыл еткен жойқын жалынға қарап, әлгі пікірдің жаны бар ма дейсін.

Жұрт жем-шөпсіз қалмасын десек, суармалы шабындық жердің, арпа-бидаймен қатар мал азығы үшін пайдалануға болатын жүгері, күнбағысты көбірек өсіруді қолға алу қажет-ақ. Рас, Маңғыстау мен Қызылордада тұщы су тапшы. Теңіз суын тұщытатын қондырғыларды көптеп орнатуды қолға алып, бұл түйінді де шешуге болар еді. Тіпті Біріккен Араб Әмірліктеріндегі тұзды су ішетін өсімдік түрлерін өсіру де озық тәжірибе.

Аптап ыстық тағы бір түйткілді көлденең тартып отыр. Көрі құрлық болашақта мұнай мен газ отынын пайдаланудан бас тартып, жасыл энергетикаға көшуді көздейді. Сол мақсатпен екі жыл бұрын Green Deal (*Еуропаға арналған Жасыл Пакт*) бағдарламасын қабылдады. Бұған қоса, көмірсутегі салығын енгізді. Қазақтың «қара алтыны» терістік көршіміздің мұнайымен бірге Еуропаға көптеп баратынын ескерсек, бұл мәселе де ойлантпай қоймайды.

Жасыл энергетикадағы жаңа тренд – сутегі қуаты. Германияда қоршаған ортаға мүлде зиянсыз осы отынды пайдаланатын пойыздар жүре бастады. Ресей үкіметі осы аптаның басында арнайы бағдарламаны бекітіп, жыл сайын 100 млрд доллар табатынын жария етті. Жалпы сутегі энергиясы кеңірек тоқталуды, зерттеп-зерделеуді қажет ететін тақырып. Бұған газетіміздің алдағы сандарының бірінде тоқтала жатармыз.

**Срайыл
СМАЙЫЛ**



Айбын

САРБАЗДАР САҚАДАЙ САЙ

Ел тыныштығы шекарамызды күзететін айбынды әскер қолында. Әскердің кез келген қиыңдыққа сақадай сай тұруы жан-жақты дайындықты қажет етеді. Әсіресе, оқу-жаттығу кезінде жауынгердің машығын, әскери техниканың әлеуетін сынақтан өткізудің маңызы айрықша.

Жуырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері «Онүстік» өңірлік қолбасшылығының әскери химиктері өз бөлімі бойынша тапсырмаларды пысықтау үшін Жамбыл облысындағы «Айша бибі» полигонында радиациялық-химиялық және биологиялық қорғау (*РХБК*) әскери оқу-жаттығу сынағынан өтті.

Еліміздің Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, оқу-жаттығу жиыны екі аптаға созылды. Арнайы жаттығу барысында РХБК әскерлері қолданатын барлық арнайы техника тартылды. Әскери қызметшілердің басты міндеті – үнемі жауынгерлік әзірлікте болу. Бұл үшін әркім өзіне жүктелген міндетті егжей-тегжейлі біліп, жеке әрі бөлімше құрамындағы,



сондай-ақ сеніп тапсырылған техника мен қару-жаракты жетік меңгеруі тиіс.

«Онүстік» өңірлік қолбасшылығы радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлерінің бастығы подполковник Бағлан Андасовтың айтуынша, қызметтік іс-әрекет барысында әскерилер өз мамандығы бойынша даярлықтан толық өтеді. Ол: «Полигон жағдайында әскери қызметшілер алған білімдерін іс жүзінде бекітеді, өз дағдыларын, іс-қимылдарының алгоритмін пысықтайды және

шынайды. Лагерлік жиын өткізу – бұл әскери қызметшілерді тәжірибелік оқытудың тиімді әдісі. Далалық жағдайда жауынгерлік оқу үздіксіз жүргізіледі. Әскери қызметшілер шағырлы лагердегі полигонда орналасып, тапсырманың бәрін пысықтайды. Екі апта бойы химик-жауынгерлер полигонда радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау құралдарымен жұмыс істеу нормативтерін пысықтап, арнайы техниканы дайындау және қолдану бойынша жаттығулар орындайды. Сондай-ақ аэрозольді



тәжірибесінен өтеді. Оларға командирлер мен тәжірибелі әскери қызметшілер көмектеседі. Ал сарбаздар өз кезегінде оқыту әдістемесінде тәжірибе жинақтайды.

Полигон барысында тәжірибесін арттырған сарбаздар болашақта әрдайым тосын оқиғаларға дайын болады. Оқу-жаттығу сабағының көздеген мақсаты да осы.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

бүркемелейтін жабындарды түтіндету дағдыларын жетілдіреді», — дейді.

Далалық лагерь жиынына қатысудың арқасында жақында келісімшарт бойынша қызметке кіріскен жас әскери қызметшілер радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау бөлімшелерінің қарулануында тұрған арнайы жабдықпен жұмыс істеудің алғашқы



АЛТЫНСЫЗ ОЛИМПИАДА

Токио – 2020

(Басы 1-бетте)

Әлгі екі күміс медальді балуандар Ақжол Махмұдов пен Айсұлу Тыныбекова олжалады. Грек-рим күресінен 77 келіде белдесуге түскен Ақжол Махмұдов финалдық айкасқа дейінгі қарсыластарының барлығын да еркін ұтты. Ал алтын медаль үшін «беттеште» мажарлық Тамаш Леринске есе жіберді. Токио жазғы олимпиадалық ойындардың финалсін, күміс жүлдегер. 21 жастағы спортшы үшін орасан табыс қой. Пандемияға байланысты жазғы Олимпиаданы өткізу бір жылға шегерілгенде Махмұдов аяғына ота жасатты. Бір жылдық мерзімді пайдаланып, ескі сырқатын сақайтты. Қанша дегенмен де пышаққа түсу тәнге жеңіл емес. Құлан-таза айығып шықканның өзінде кілт етпесі тартып тұратыны анық. Байқасаңыз, Ақжол финалдық белдесуге шыққанда аяғын шекіп басып, тізесінің сырқаты бар екенін байқалды. Алтын медаль олжалауға жаракаты да жарты кедергі болғаны анық. Финалдық белдесуді Бішкектің биігінде отырып, теледидардан тамашалаған Қырғыз елінің президенті Садыр Жапаров балуанға телефон шалып құттықтады. Ғаламторды шарлап жүрген осы бейнені қайталап көрінізіңіз, білдей бір президенттің өзі бас болып қоныраулатып



құттықтағанда кім-кімнің де буыны босамай ма? Жоқ, Ақжол абадан екен, шоң рахмат айтып жайылып түскен жоқ, қуанбады да. Керісінше, күллі қырғыз халқының алдында кешірім сұрады, «Олимпиадалық ойындардың алтынын алмағаным үшін» деп. Соңыра «Мен Токиоға текке келгем жоқ, алтын медаль тағынуды көздедім, барымды салдым, бұйырмады» делі өнешіне өңсік тығылып. Көзінің алмасын сулаған жасын жігіт емес пе, сыртқа шығарған жоқ. Бірақ ішіндегі бүрк-сарк қайнаған буырқанысты өкініші жүзінен айқын аңғарылып тұрды. Ұлттық намысты қорғап, рухты жану деген түсінік осы шығар. Қырғыздың ай маңдай аруы Айсұлу Тыныбекова — Алатаудың арғы бетіндегі алты миллион қырғыз халқының арасынан шыққан тұңғыш әлем чемпионы. 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен әлем чемпионатында қара үзіп, елінің абыройын асқаттатты. Бес жыл бұрын Рио жазғы олимпиадалық ойындарында бесінші орынды місе тұтты. 23 жаста еді сол кезде. Жалал-Абадтың Майлысуында өмірге келген ару бес жылдың бедерінде қандай биікке көтерілді. Токио додасында финалда сүрініп, күміс медальді місе тұтты. Төрден түсіп келе жатқанда Айсұлудың солқылдап жылағанын көрсеніз. Қырғызстанда шамамен 3 миллион 200 мың нәзік жанды бар десек, солардың арасынан шыққан олимпиадалық ойындардың тұңғыш жүлдегері ғой. Қандай құрмет, марапатқа да лайық. Орасан жетістік, соған қарамастан, алтын медаль ала алмадың деген өкініші анау өртеп бара жатқан. Айсұлудың финалдық белдесуін Қырғыз елінің президентін зайыбымен қатар отырып тамашалап, күрес біткенде хабарласып құттықтады. Айсұлудың алтын медаль ала алмай өкініштен өзегі өртенгенін президент те сезінді. Енді қараңыз, үш жылдан кейін Париж төрінде қырғыз спортшылары төнкереді. Иә, тура мағынасында төнкереді олар, белдескеннің белін бүгіп, шапқасқаншы шауып түсіреді. Өйткені олар ұлттық намысқа суарылған ұлт екенін әлдеқашан дәлелдеп қойған. Өзбекстан билігі де Токио жазғы Олимпиадасында жүлде алған спортшыларын құрметпен қарсы алып, астына көлік, басына баслана тарту етті. 1 қыркүйек — Өзбекстан республикасының тәуелсіздік күні. Бокстан аса ауыр салмақта Баходұр Жалалов Токио олимпиадалық ойындарының чемпионы атанды. Өзбекстанның өзге боксшылары іріктеу сынында бірінен кейін бірі мұрттай ұшып, Жалалов жағыз өзі қалған болатын. Финалдық айкаста америкалық Ричард Торресті тас-талқан етіп ұтып, «Мен бұл жеңісімді Өзбекстан елінің тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнаймын» деді.

Қуаныш КӨШЕК

Қандай керемет сый, өз елінің мәртебесін биіктетіп, әнұранынды шырқатып, байрағынды көкке көтеру.

«ҚОЛЫНДАҒЫ ҚОЛАҢ АЛТЫНҒА ТЕҢ»

Ал елімізден барған спортшылар 8 қола медальді місе тұтып қайтты. Қазақстан спортшылары алғаш рет жазғы Олимпиададан алтын һәм күміс медальсыз оралды. Қазір ерінбегенің бәрі боксшыларымыздың қирай ұтылғанын сынап айтып та, жазып та жүр. Токио олимпиадалық ойындарында бокс Халықаралық әуеской бокс қауымдастығының (AIBA) араласуынсыз, Халықаралық олимпиадалық комитеттің ұйымдастыруымен өтті. Ерлер сайысы сегіз салмақта өрбіді. Біздің елден толық құрам қатысып, Сәкен Бибосынов пен Қамшыбек Қоңқабаев жартылай финалда тоқтап қола медаль алды. «Боксшыларымыз неге алтын алмады» деп сынаушылардың да, мін тағушылардың та табандап тұрып талап етуі заңды да. Алматының іргесінде, Талғар ауданына қарасты аймақта AIBA-ның бокс академиясы бар. 2008 жылы Бейжің Олимпиадасынан кейін қолға алынып, бой көтерді. Тендессіз орталық, қу жанына қажетті

жаттығу құралдарының бәрі бар. Медициналық орталық та, емдеу, сауықтыру дейсіз бе, футбол алаңы да талапқа сай. Орталық Азия елдерінің ешқайсысында жоқ мұндай академия. Біздің боксшылардың әлеуеті қаншалықты екенін Токиоға түрен салмай тұрып та белгілі болған. 2019 жылы өткен Азия чемпионатында Василий Левитті онтүстіккореялық қарсыласы үшінші раундта нокаутқа түсірген еді. Левиттің жасы да келді, ауыр соккыны еңсере алмайтыны екі бастан белгілі. Кейбір боксшыларымыздың ескі жаракаты қайта қозды, шаршау басым барлығында. Қалай болғанда да, бокстан ұлттық құраманың бапкерлік құрамына өзгеріс керек, жанару, жаңғыру қажет. Бүтіндей ел неге боксшылардан алтын медаль күтеді? Өйткені бокс — елімізде кең таралған, дамыған спорт түрі. Бай да, манап та төгеді тапқанынан, мемлекеттік қолдау мен қошемет те жоғары, қаржы да қыруар бөлінеді бұл спортқа. Қаратәден кумиті санаты бойынша Софья Берульцева мен Дарқан Асәділов қола жүлдемен оралды. Қазак тіліне судай Софья Берульцева жартылай финалда сүрінгенде солқылдап жылады. Қазак спортының тарихына есімін алтын әріппен жазып, қаратәден Олимпиада ойындарының тұңғыш жүлдегері атанғаны да зор жетістік. Бірақ өжет «кыз алтын медаль ала алмадың» дейді. 20 жасында төртжылдық доданың жүлдесін иелену де аз табыс емес. Дарқан Асәділов те тұңғыш казак, қаратәден Олимпиада ойындарының жүлдесін алған.

Елдос Сметовтің қола медалі judo күресіне жауапты мамандардың қызметімен қош айтыспауына септігін тигізді. «Елдостың атасына мың рахмет, жүлдегер атанбағанда қызметіміден кетер едік» деп бөркін аспаңға атып, елдің намысын емес, жеке басының табысын ойлап жүргендер де бар.

РЕФОРМА КЕРЕК

Жүлде алған сегіз санлақтың еңбегі зор. Спортшының сөлін сығып, терін төгіп қол жеткізген жеңісі мақтауға да лайық. Бірақ Токио төріндегі тартыс біздің елдің спортына реформа қажеттігін айқындап берді. Күпіміздің ішінде күпініп, шіренгенімізбен, спортшымыздың сикы сегіз қоламен айқындалды.

Бұқаралық спортты дамыту мақсатында өрістеген көпшілікке қолжетімді қай спорт түрі бар? Бір жүзгіштің өзі медальді жұптап алатын су спортына баланызды берсеніз, ай сайын кемінде 20 мың тенге төлейсіз. Баска спорт түрлері де сондай. Бізде спортты сауданың көзіне айналдырып, бармақ басты, көз қыстылық қалындап кеткен әлдеқашан. Әр ата-ана баласын спорт үйірмесіне ақшасын төлеп жаздырады, жарыстарға да қаражатын жұмсап қатыстырады. Бір баланы кәсіби спортшы деңгейіне көтеру қыруар қаржыны талап етеді. Оған екінің бірінің қалтасы көтермейді. Міне, осыдан келіп талантты балалар тасаланып, өжет мінезін өлтіріп тынады. Ауыл-ауылды аралап жүріп таңдаулы балаларды жинап, әрқайсысын өзінің бейімі бар спортқа баулыса, талай таланттың томағасы сыпырылады. Көкпар тартып жүрген Мұхтархан Ділдабеков 18 жасында қолғап киіп, 2000 жылы Сидней жазғы Олимпиадасында қалай дауыл тұрғызды! Бокстан күміс медаль иеленбеп пе еді. Алтын құрсақ аналар алып тумай қоймайды. Тек тонмойындардың тонтеріс тірлігі тұсау болып келеді. Өзгеріс керек казак спортына. Токио олимпиадалық ойындарынан кейінгі түйен ойымыз осы.

(Басы 1-бетте)

Сұхбат

Бауыржан Тахауов: Дайындық жаман емес. Былтырғыға қарағанда биыл аздап еркіндеу ғой. Оқу-жаттығу жиындарына жиі бармасак та әзірлікті мейлінше күшейтуге күш салып жатырмыз. Қараша айында Оңтүстік Кореяда Азия чемпионаты өтеді, желтоқсанда Мысырда әлем кубогы болады. Сол долаға дайындықты пысықтап, жігіттерді шарболаттай шындаймыз. Токио жазғы паралимпиадасының жолдамасы бұйырмалы. Енді 2024 жылы өтетін Париж паралимпиадасына қатысып, қатысып қана қоймай жүлдеге таласуға үміткерміз. Жалпы әлемдік рейтингте алдыңғы лекте тұрған Украина, Сербия параволейбол құрамасы да күдіілады. Енді алда болатын құрлық додасы мен әлем кубогында барымызды саламыз. Паралимпиаданың һәм әлем чемпионатының жеңімпазы атанған Иран құрамасына спортшыларды іріктеп алудан қиналмайды. Өйткені оларда 100-ден астам параволейбол клубы бар. Ал бізде ше? Қазақстан чемпионаты мен кубогына ары кеткенде 10-12 команда ғана жиналады. Иран параволейбол құрамасы — жазғы паралимпиада ойындарының жеңімпазы, әлем чемпионы. Бойлары да ұзын-ұзын ойыншыларының. Сүйегі ірі, ауыр

салмақты спортшылар. Әр командада 12 ойыншыдан десек, 1200 адамның арасынан ұлттық құрамаға іріктеу қалай жүретінін бағамдай беріңіз. Сондықтан да оларда бәсеке, құрама сапына ілінудің талабы өте жоғары. Ал бізде қалай, ел чемпионаты мен түрлі жарыстарға жоғарыда айтқандай, көп команда келмейді, одан кейін өсу, өрлеу баяу. Иран параволейболшыларының неге айтып отырмын? Олар бізге бірлескен оқу-жаттығу жиынын өткізу үшін ұсыныс айтып, шақыртып отыр. Біздің жігіттердің дайындығы жақсы, бабында болған соң да олар сауын айтып шақырту жіберіп отыр. Одан бөлек, Мысыр құрамасы да Токио паралимпиадалық ойындарының алдында жаттығу өткізсек деп ұсыныс айтты. Олар — 2016 жылы өткен Рио жазғы Олимпиадасының қола медаль иегері. Біздің жігіттердің денгейінің өскенін көріп, бағамдаған соң санасып, тәжірибе алмасуға ұсыныс айтты. Бұрын бізге бұлай ешбір елден сауға сұрап келген емес.

НЕМІСТЕН НЕГЕ ЖЕҢІЛДІК?

Jas qazaq: «Атырау» параволейбол клубын 2008 жылы аштыңыз. Бір ғана облыстан жиналған жігіттердің басым көпшілігі, тіпті түгелге жуығы ұлттық құраманың да мүшесі. Жаңа Иранда 100-ден астам клубтың ойыншылары арасынан құрама команда жасақталалы дедіңіз. Бір ғана облыстың жігіттері аз жылдың ішінде Азия чемпионатында күміс, қола Азия ойындарында қола, әлем кубогында қола медаль олжалады. Жанкештілік қой, бір қайырым аз ғана уақытта осыныша табысқа кенелу. **Бауыржан Тахауов:** Атырауда туып-өстім, Маңғыстауда жұмыс істедім. 2002 жылы Атырауға қайта келіп, қоғамдық ұйым ретінде федерация ашып, жұмысты жүргіздік. 2007 жылы облыс әкімінің қаулысымен клуб ашылып, өрісіміз кеңейді. Спорттың төрт түрі бойынша мүгедектер спорт клубының директоры әрі жаттықтырушы болдым. 2008 жылдан бастап параволейболдан шәкірттеріміз жарыстарға қатысып келеді. Бізде, өкінішке қарай, құрамадағы жігіттердің бойы аласа. АҚШ-тың параволейбол клубында ойнайтын спортшылардың басым көпшілігі бұрынғы әскери қызметкер, арнайы жасақта болған жауынгерлер. Иракта, Ауғанстанда от пен оқтын ортасында майдан көргендер. Олардың да бойы ұзын, 195 сантиметрден биік. Ал біздің жігіттер 180-190 сантиметр аралығында. Құрамада тек Александр Демеуовтың ғана бойы 217 сантиметр. Бірақ оның аяғы сынған, буыны, сүйегі ауыратындықтан

«...АҚТӨБЕДЕ ВОЛЕЙБОЛҒА БЕЙІМ БІР БАЛА ЖАЙЛЫ ЕСТІП, ҮЙІНЕ БАРДЫМ, – ДЕЙДІ БАУЫРЖАН СОҢАУ БІР ЖЫЛДАРДЫҢ ӨҢІМЕСІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫП. – ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАБАТТА ТҰРАДЫ ЕКЕН. СЫМБАТТЫ КЕЛГЕН САРЫ БАЛА. ӨКЕ-ШЕШЕСІМЕН, БАЛАНЫҢ ӨЗІМЕН СӨЙЛЕСТІМ. СОДАН БАЛАНЫ ЖАТТЫҒУҒА МАШИНАМЕН АЛЫП КЕТПІ, ҮЙІНЕ АПАРЫП ЖҮРДІМ. БІР КҮНІ ЖАТТЫҒУДАН КЕЛСЕК, ЕСІК АЛДЫНДА БҰРЫН КӨРІП ЖҮРГЕН ЕКІ БАЛА ТҰР. «НЕГЕ ТҰРСЫҢДАР?» ДЕСЕМ «ДОСЫМЫЗДЫ 9-ҚАБАТҚА КӨТЕРІП ШЫҒАРАМЫЗ» ДЕЙДІ. СОЛ ЖЕРДЕ ШӘКІРТІМЕ: «БҮГІННЕН БАСТАП 9-ҚАБАТҚА БАЛДАҒЫНА СҮЙЕНІП ӨЗІҢ ШЫҒАСЫҢ!» – ДЕП ҚАТТЫ ТАЛАП ҚОЙДЫМ. БАЛА АМАЛСЫЗ КӨНДІ. БІРАЗДАН КЕЙІН ӨЛГІ ШӘКІРТІМ БАЛДАҚТЫҢ КӨМЕГІМЕН ЕКІ-ҮШ САТЫНЫ БІР-АҚ АТТАЙТЫН ЖАҒДАЙҒА ЖЕТТІ. БІР КҮНІ ӨКЕСІ ЖЫЛАП ОТЫРЫП БЫЛАЙ ДЕДІ: «ВОЛЕЙБОЛ ОЙНАҒАЛЫ БАЛАМ ШИРАДЫ. БҰРЫН ТАЯҚ ТАСТАМ ЖЕРГЕ БІЗГЕ СҮЙЕНІП ӨРЕҢ ЖЕТЕТІН. САҒАН КӨП РАХМЕТ!» ҚАЗІР СОЛ БАЛА БІЛДЕЙ БИЗНЕСМЕН»

Қыдырбек Рысбекұлы
«Қазақтың 72 бапкері» кітабынан.

қимылы ширақ емес. Шапшаң қимылдауға сырқаты мүмкіндік бермейді. **Jas qazaq:** Биыл маусым айының басында Германияда өткен лицензиялық турнирде жолдамаға сынық сүйем қалғанда тоқтады жігіттер. **Бауыржан Тахауов:** Айтсам, ақталғандай болармын. Бірақ бұйырмай тұр. Әйтпесе, біз іріктеу кезеңінде Германия құрамасын 3:1 есебімен төрт сетте айқын ұттық. Одан сырт, жаңағы арнайы жасақта болған, әскери қызметкерлерден құралған АҚШ параволейбол құрамасын, Канаданың, ойыншыларын Хорватияның параволейболшыларын жеңдік. Ал енді немістермен финалда қайта кездескенде есе жібердік. Финалдық ойында залға еріктілерді кіргізді. Олар, әрине, өз елінің командасына жанкүйер болып, қолдап, қиқуға қиқу қосатыны белгілі. Біз беттерде киіп жүрдік карантин талабына орай. Дауыстап ойыншыларға

нұсқау бергенімізбен естілмейді залдағы шудан. Сосын ойыншылар алаң ауыстырмай ойнады, яғни әр сет сайын ауысқан жоқ. Мұның барлығы жеңілген соң сылтау айтқандай естілуі мүмкін. **Jas qazaq:** Енді құрамада ойнайтын жігіттердің әлеуметтік мәселесіне ойыссақ. Үнемі көтеріп жүрсіз, осы көтеріп ақ жағалылардың алдында да табандап тұрып айттыңыз. Шәкірттеріңіздің әлеуметтік- тұрмыстық шаруасын. **Бауыржан Тахауов:** Партияның адамдарына, басқа да ұйымның, әкімдіктің қызметкерлеріне, тіпті мекеме басшыларымен кездескенде де айтып жүрмін. Біздің жігіттердің мүгедектік тобы тең емес. Мысалы, бір адамның аяғы тізесінен кесілген, ол — II топ мүгедегі саналады. Ал енді тізесі былай тұрсын, қара саннан қак кесілген адам да II топ. Осы әділетті ме? Біздің жігіттердің кейбірі III топтағы мүгедек статусымен жүр. Шынтуайтына келгенде, олардың денсаулық жағдайы II топқа жататындармен қарайлас. Осы қаншалықты дұрыс, айтыңызшы? Мен неге бәрі II топ болсын деп шырылдаймын? Аз да болса мүгедектігіне байланысты алатын зейнетакмсы көбіесе деймін. Шүкір, жігіттер «Атырау» волейбол клубының мүшесі болғандықтан ол жерден де жаалақы түседі, Ұлттық паралимпиадалық комитеттен де еңбекақы беріледі. Жұырда Атырау облысы әкімдігі стипендия тағайындайтын болды. Арнайы қаулы да бар. Көңілге медеу тұтатыным — құрамада ойнайтын

ЖАСЫН МІНЕЗ ЖІГІТТЕР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ ӘЛІ



25-35 жас аралығындағы шәкірттерім бір-біріп туысындай көреді. Тонның ішкі бауындай араласалды, отбасымен сыйласатындар да бар. Бірінің жоғын бірі бүтіндеп, торқалы тойда да, топырақты өлімде де бір-біріне сүйеу болып келе жатыр.

Jas qazaq: Құрамадағы жігіттердің бойы ұзын емес дедіңіз. Біздің ойыншылардың олқы тұсы қорғанысы шығар?

Бауыржан Тахауов: Енді өзіңіз бағамдаңыз, маусым айында Германияда Канада, АҚШ, Германия, Хорватия құрамасына қарсы ойнадық. Олардың ойыншыларының бойы 2 метрден жоғары. Сондықтан біз жылдамдықты күшейтіп, соған басымдық бердік. Жалпы азиялықтардың тактикасы — жылдамдыққа ойнау стилін күп көреді. Өйткені шабуылға шыққан, 2 метрден асатын бойы бар ойыншы төбеннен төніп тосқауыл қояды. Жаратқан оларға бой бергенімен, шапшаңдыққа келгенде сарандық танытқан ғой. Олақ келеді жалпы ұзынтұра адам. Біз олардың осы кемшін тұсын ұтымды пайдаланып, жылдам шабуыл ұйымдастырып, алдау арқылы ұтып кеттік. Шәкірттерімізде күш те, қажыр-қайрат та жетеді. Тек бойдың тапалдығынан титықтап кетеміз.

Jas qazaq: Жігіттердің мүгедектік тобын өзгертуде, әлеуметтік мәселесін шешуде де өзіңіз кірісіп жүрісіз. **Бауыржан Тахауов:** Жараның бетін тырнағандай болдың ғой, інім-ау. 2013 жылы үш ойыншыға пәтер берілді, содан бері мұндай ақжолтай жаналық жоқ бізде. Көпшілігі пәтер жалдап өмір сүреді. Бапкер ретінде, спорт саласының маманы есебінде мына нәрсеге таңмын. Баска да командалық спорт түрлері елімізде дамып жатыр, ақша да қомақты бөлініпін. Хоккей, футбол дейсің бе, командалық спорт түрінде сырттан келетін келімсек легионерлер көп. Айлық жалақысы 2 миллион тенгеден жоғары. Ал біздің жергілікті ойыншылар, тағдыр талайымен тәлкекке түсіп, он екі мүшесінің бірінен айырылған жандардың алатыны әлгі келімсектерден он есе төмен! Біздің жігіттер де дені сау спортшы секілді күнделікті жаттығудан өтеді. Оқу-жаттығу жиындарына кеткенде жігіттер отбасын, апталап, айлап көрмейді. Кейде жаттығу барысында отбасында мәселе туындап, пәтерден көшуі керек болады, қожайыны пәтерді босат дейді. Тапқан-таығаны бала-шағасының тамағына, киіміне, жүріс-тұрысына, одан қалды өзінің дәрі-дәрмегіне кетеді. Пәтеракысы ол қос өкпеден қысып тұратын. Осындай әлеуметтік мәселе психологиялық қысым емей немене? Көңілі алаң ойыншының ойыны осыдан кейін қалай осал болмасын? Айта берсен, мәселе жетеді. Кәсіпкерлер, атымтай-жомарт азаматтар да араласып, қолдап, 10-15 адамның тұрғын үй мәселесін шешуге көмектессе, мемлекеттік бағдарлама арқылы да үйлі болса деп тілеймін қашанда. Қарақан басыма ештеңе де сұрамаймын. Шүкіршілік, басымда үйім, бауырымда қазан бар. Тек осы алаң көңіл азаматтарым пәтерлі болып, мәселесі шешілсе екен деймін.

Параволейбол құрамасының мүшесі ретінде өзім ойнағанда 1994, 1998 жылы Азия ойындарының чемпионы атандық. 2002 жылы күміс жүлдегер болдық. Сол кезеңде бізге айлық беру мәселесі, сыйақы, бүгінгідей түрлі көмек, демеушілік деген аса мәз емес, тіпті жокқа тән еді. Спортқа деген інкөрлік, адалдық бізді алға жетелейтін. Қазір бәрі өзгерген, жанарған. Соған сай талап та жоғары. Әлемдік денгейде еліміздің байрағын желбіретіп, әнұранымызды шырқатып жүрген, еліміздің демографиялық ахуалына да орасан үлес қосып келе жатқан *(әрқайсының отбасында 3-4 бала бар — Б. Т.)* жігіттердің әлеуметтік мәселесі онынан шешіліп, тезірек жарым көңілдері оналса деп жүрмін.

Jas qazaq: Кіндігіңізден тарамаса да, туғаныңыздай ғой әрқайсысы да.

Бауыржан Тахауов: Әрине, отырып ойнайтын волейбол *(параволейбол)* командасын жасақтаймыз деп басымызды тауға да, тасқа да соқтық. Қақпаған есігімізді жоқ, кедергі, қиындық атаулы тағы бар. Қаржының жетіспеушілігі, айта берсен, «мен ішпеген у бар ма?!» Құрамада ойнайтын 12-15 жігіттің пешенесіне жазылған тағдыры онай дейсің бе? Бірі бала күнінде ойнап жүріп арандаған, пойыздың астына түскен, көлік апатынан мүгедек болған, жұмыс барысында аяғынан айырылған. Осындай әр түрлі тағдырды аркалап жүрген азаматтар бұлар. Қиындыққа моймайды, тұрмыс тауқыметінің тұсауы қысқан кедергіні де еңсеріп жігерін жасытпай келеді. Біздің рухы биік жігіттер дәлелдейді өздерін әлі. Жыл аяғына дейін сөз басында айтқан екі бірдей ірі дода бар. Соған дайындыққа кірісіп кеттік. Елдің туын желбірету мақсатымыз. Соған жетуеге асығамыз әрқашан.

Jas qazaq: Ісіңіз ілгері басыын аға, шәкірттеріңіз ұстазынан озысын аламан додаларда!

Сұхбаттасқан Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

Жастық жалын

ЖЕТІГЕНДІ ЖЕТІЛДІРГЕН КӘМИЛА

Шымкенттің тумасы Кәмила Есқараева — екінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері. Замандасымыз Кәмилага мұндай мәртебелі марапат пен асқан абырой оның тынымсыз ізденісі һәм жанқиярлық еңбегінің өтеуіне берілген. Ол жас та болса бас болып жүрген өнерпаз.



Кәсіби жетігенші Кәмила Есқараеваның арқасында жетіген аспабы жаңа түрге еніп отыр. Бұл көне аспап жетілдіруді қажет ететінді. Жетігенде әуенге құлақ күйін келтіру қиын. Мәселен, белгілі бір шығарманың құлақ күйі С — dur болса, оны d — moll-ға модуляция жасау үшін D7-ін қосқанда кемінде екі ішегін бұрауға тура келетін. Ал бұл өз кезегінде музыканттардың көп уақытын алатын. Қазіргідей музыканың дамыған заманында біз көтеріп отырған мәселе үлкен кемшілік болып есептеледі. Сол олқылықтың орнын толтыру мақсатында аспаптанушылар мен аспап жасаушы шеберлер осы күнге дейін зерттеу жұмыстарын жүргізіп, түрлі тәжірибе жасап келді.

Камила Есқараева: «Біз жетіген аспабын жетілдіру барысында құлақ күйін бір ғана тетікпен ауыстыратын дәрежеге жеттік. Ол үшін әр ішектің астына екі тетікті орнаттық. Біріншісі нотаны жарты тонға көтерсе, екіншісі оны бір тонға жоғарылатады. Біз жетігеннің осындай мүмкіндіктері арқылы Ces — С — Cis, Des — D — Dis-ге және тағы басқа да дыбыстарға ауыса аламыз. Демек әуеннің кез келген модуляциясын жасауға мүмкіндік бар. Ол үшін бізге тиекті жылжытудың немесе құлақты арнайы кілт арқылы бұраудың да қажеті болмайды. Бір айта кетерлігі, жетігенді жетілдіру барысында өз дәстүрімізден алыстамадық», — дейді.

Кәсіби жетігеншінің «дәстүрден алыстамадық» деуінің өзіндік сыры бар. Қазақ даласының ұлы перзенті, әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, лингвист, ботаник, логика және музыка зерттеушісі Әбу Насыр әл Фарабидің жасап шығарған «канун» немесе әл Фарабидің кануны мағынасын беретін «әл-канун» аспабына, ғалымның музыкалық аспаптар жайлы жазған зерттеу трактаттарына сүйене отырып, жетіген аспабына арнайы тетіктің сызбасын лайықтап сызады. Сөйтіп Армения ілінен шебер шақыртып, тетіктер жасап шығарады. Алғашқы тәжірибені Алматы қаласындағы ЖШС «Шертер» аспап жасау шеберханасында сәтті түрде жүзеге асырыпты.

Жаналыққа жаны құмар музыкант: «Біз жетігеннің осы уақытқа дейін жеткен қалыбына тиіскен жоқпыз. Көлеміне, түріне, ішектеріне ешқандай да өзгеріс енгізілмеді. Тек қана тетік орнату арқылы аталған музыкалық аспаптың басты мәселесін шешіп қана қоймай, дыбыс көлемінің өзгеруіне де қол жеткіздік. Сөйтіп жетігеннің дыбысы әлдеқайда ашық шыға бастағанын аңғардық. Біздің алға қойған мақсатымыз — осы ұлттық аспапқа орнатылатын тетіктердің өз елімізде өндірілуіне күш салу», — дейді.

Расында, жетігенге қажет тетіктерді Армениядан, сонау Мысырдан, Жапониядан, Түркиядан, Франциядан, Америкадан алдыртуға өбден болады. Алайда сол тетіктер өзімізде өндірілсе, жетіген аспабы еліміздің барлық өңіріне қолжетімді бағамен тарайтын еді. Бұл ең алдымен қарапайым тұтынушының қалтасына тиімді. Қазір ең арзан жетігеннің бағасы — 200 мың теңге. Ал орташасы — 500 мың теңгеге бағаланады. Шикізат шет мемлекеттерден әкелінсе, құны жоғары болатыны белгілі. Ал шикізат пен «Кәмиланың тетігі» өзімізде өндірілсе, ешкім де ұтылмас еді.

Әсілі, жігерлі жас бұл өзгеріске бір күнде келген жоқ. Алматыдағы Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық мектеп қабырғасында оқып жүргенде ұстазы Айтжан Тоқтағанға сабақ барысында «Жетіген неге дамымай жатыр?» дегенді сауалдар қойып, мазасын «алады» екен. Сол кезде Айтжан ағайының «жетігенді сен жетілдіресің» деген бір ауыз сөзі жас өренді қамшылап, осындай дәрежеге жеткізіп отыр.

Қазақтың сыбызғы, сазсырай, жетіген, үскірік, шертер, шанқобыз, дабыл, даңғыра сынды 250-ден астам көне музыкалық аспаптарын өткен ғасырдың орта тұсында Ахмет Жұбанов, кейіннен Болат Сарыбаев жинап, жетілдірген. Олардан кейін, міне, Кәмила замандасымыз жетігенге жаңаша түр беріп отыр. Тағы бір ақжолтай, ол аталған жаңалығы үшін әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан өнертабысы үшін арнайы патент алыпты. Ал арнайы тетіктер орнатылып, жетілдірілген алғашқы жетігенін өзі оқыған музыка мектебіне сыйға тартқан.

Кәмила Есқараева «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында «Бизнес бастау» арнайы курсын оқып, Шымкентте баламасы жоқ жаңа кәсіп — «Zhetigen» мектебін ашқан. Енді «Даму» қорынан грант ұтып алса, көптен армандаған жетіген цехын ашу жоспарында бар. Жалпы Кәмиланың арманында шек жоқ дер едік. «Осы уақытқа дейін әлемдік Гиннес рекордтар кітабына жаппай жетігеншілер еңбеген. Бір миллион мықты жетігенші шықса, бізге бәсекелес табылады деп ойламаймын. Мәселен, әр жылы 100 мектептен 10 жетігеншіден шығар десе, мен дайындап шығарамын. Сөйтіп жақын арада рекорд жасай аламыз. «Жетіген күнін» белгілеп, «Zhetigen party» шарасын ұйымдастырсақ керемет болар еді», — дейді.

Айта кетейік, осыдан екі жыл бұрын 40-қа жуық шәкірті республикалық байқауда бас жүлдені жеңіп алды. Ал шәкірттерінің барлығы да бірінші сыныптың қыздары. «Бар-жоғы бір-ақ жылда бірінші сынып оқушылары бас жүлдені қалай жеңіп алды?» деген сұрақтың туындайтыны заңдылық. Оның үстіне ол додаға домбырашылар да қатысқан-ды.

— Қазақтың бас аспабы домбырамен бәсекеге түсу онай емес. Әр туындыны 4-5 дауыспен оркестр ретінде шығарғаным қазылар алқасының қызығушылығын тудырды, — деп Кәмила көзіндегі мөлдір тамшыларын ірке алмады. Кәмила ол кезде жүктілігінің сегізінші айында үлкен тәуекелмен бас жүлдеге қол жеткізген екен. Сол сапардан қайтып оралған соң бірден декреттік демалысқа шығыпты. Расында, ерен еңбек.

ШЕТІНЕН ӨНЕРЛІ ШЫМКЕНТТІҢ ЖАСТАРЫ

ЕУРОПАНЫ ТАҢ ҚАЛДЫРҒАН ӘМИНА

Ол небәрі 18 жасында Италияның аты әлемге әйгілі композиторы Антонио Россини мен



әлемдік опера әншісі Рената Тебальдидің туып-өскен Пезаро қаласында өткен халықаралық конкурсқа қатысып, дипломант атанды. 2020 жылы Ұлыбританияның астанасы Лондон қаласында өткен Халықаралық ән байқауына Қазақстанның атынан жалғыз үміткер болып қатысып, I орынды иеленіп, Лондон қаласына Галя-концертке жолдама алды. Сонымен қатар, Польша мемлекетінің Красичин және Эстонияның Таллин қалаларында өткен Халықаралық ән байқауларында бірінші орынды иеленді.

Біз газет оқырмандарына 15 жасында Шымкент қаласындағы Саз колледжінің «Вокал» мамандығына гранттық негізде оқуға түсіп, айналдырған үш жылдың ішінде өнер әлемінде біршама жетістіктерге жетіп үлгерген Әмина Серкебаеваны таныстырып отырмыз.

Шымшаһардағы Серкебаевтар отбасында бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінеді. Бұл отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың барлығы оқу үздіктері, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық пәндік олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпазы.

Жас әншінің анасы Ләззат Сапарбаева: «Әмина 2003 жылдың 7 шілдесінде дүние есігін ашқан. Қызым кішкентайынан өнерге жақын болып өсті. Үй тазалап, ыдыс-аяқ жуып жүріп те ән салып, ынылдап жүретін. Сонда біз ата-ана болып оның ән айтуына соншалықты мән бермеппіз. Өсе келе, яғни он беске толған шағында көпшіліктің алдында әкесіне арнап айтқан әні жиналған қауымның ықыласын оятты.

Он бес жасында, яғни 2018 жылы Шымкент қаласындағы Саз колледжінде «Академиялық вокал» мамандығына оқуға түсіп, грант иегері атанды. Әминаның осы оқу ордасынан өнер әлеміндегі өмірі басталды», — дейді.

Әминамен сұхбат барысында оның өте ізденімпаз, талапшыл және табанды екенін аңғардық. Ол күн сайын ән айту қабілетін шындап, талмай-тынбай жұмыс істейді екен. Бүгінгі таңда Шымкент қалалық музыкалық колледжінің IV курсының үздік студенті. Қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық ән байқауларының бірнеше дүркін жеңімпазы.

Әминаны Италияның Пезаро қаласында өткен халықаралық конкурсқа дайындап, баптап, шындаған Саз колледжінің оқытушысы және Шымкент қалалық Опера-балет театрының солисі Жұмабек Қантарбаев: «Әмина Серкебаеваның менің сыныбыма ауысып келгеніне бір жарым жыл болды. Сабакты жақсы оқиды. Оқуын үздік бітіреді

деген сенімдеміз. Өте талантты қыз. Дауысы — лирикалық сопрано. Қазақстанда ондай сопранолар өте аз. Біраз жерде Шымкенттің атын шығарып, қазақ өнеріне қолынан келгенше өз үлесін қосып жатыр. Келешекке құрған жоспары айқын. Арманы асқақ. Шетел сахнасына шығуды армандайды. Ал ел шекарасынан ары асу үшін міндетті түрде тіл білу керек. Шәкіртім қазақ, орыс, грузин, неміс, француз және итальян тілдерінде ән айта алады. Ал опера әлемінде өзге тілде жай ғана әнді орындау емес, кәсіби тұрғыда сөйлей білу де бағаланады. Осы тұрғыда ол бірнеше шет тілін меңгеруде. Сонымен қатар кәсіби вокалдан сабақ алуға талпынған адамдарға сабақ береді. Міне, осы қабілет қарымынан-ақ оның қаншалықты талантты әрі жан-жақты екенін білуге болады», — дейді.

«Талант тек I пайыз, қалған 99 пайыз — еңбек». Ұлы Гетенің әлемдік нақылға айналған сөзі бұл. Біздің кейіпкерімізде бұл тепе-теңдік дәл сақталған дерсіз. Онымен сұхбаттасудың орайлы сәтін бір емес, бірнеше апта күтуге тура келді. Жазғы қаникул кезі болса да, Әмина вокалдық дайындығын үздіксіз жүргізіп отырады. Ұстазы Жұмабек ағамыз айтқандай, бірнеше тілді қатар меңгеруі тағы бар.

«Өнер әкенің қанымен, ананың сүйімен дариды» деген де тәмсіл бар. Талант, еңбек деп жатырмыз ғой. Бірақ отбасындағы тәрбие мен тағылмының да жас әншінің өмірінде алар орны зор екені сөзсіз. Әминаның әкесі де, анасы да өнерге жақын жандар. «Әкем ән айтып рухана демалады, гитарада және домбырада ән айтқанды жақсы көреді. Ал анам

дәрігер болғанымен, өнерді бір кісідей түсінетін қолдаушым. Кәмететке толғанша менің керек кезінде қажет жерлерге апаратын — анам. Сонымен қатар әкем жағынан да және анам жағынан әншілікке әуес, жаны құмар арғы аталарым болған екен», — дейді.

Танымының үш жолы бар: ең онайы еліктеу, ең ашысы — тәжірибе, ең мәртебелісі — ойлау. Өзін дамытам деген кез келген адам бұның үшеуінен де өтеді. Осы орайда одан:

— Әмина кімдерге еліктедің, кімнің тәжірибесінен өттің? — деген сауал қойдық. — Әрине, кез келген жас еліктейді, қумир тұтатын тұлғалары болады. Опера әлемінде менің де еліктейтін кумирлерім бар. Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова сияқты аңыз адамдар мен әлемдік деңгейдегі Анда Гарифуллина, Диана Дамраудың өнерін жақсы көремін. Бүгінгі таңда өзімнің ұстазым Опера-балет театрының солисі Жұмабек Қантарбаевтың және ҚР еңбек сіңірген қайраткері Азамат Желтіргөзовтің тәжірибелік мектебінен өттім, — деді.

Осы тұста Әмина Есенбекқызының жоғарыда аты аталған А.Желтіргөзовтің «Вокал академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жанындағы деңгейін анықтап, оларға орындаушылық етіп жүргенін айтпай кетуге болмас. Бұл академияның негізі 2017 жылы қаланыпты. Аталған бірлестік құрамында есімі елімізге



танымал мықты азаматтар бар. Осыдан 2 айдй бұрын Шымкент қаласында да бөлімшесі ашылдыпты.

«Вокал академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі конкурстар, концерттер және мастер-класстар, шығармашылық кездесулер, семинарлар, лекциялар ұйымдастыру және өткізумен айналысады. Әншілердің, дарынды жас орындаушылардың әншілік деңгейін анықтап, оларға орындаушылық шеберлігін арттыру үшін қолдау көрсетеді. Талантты орындаушылардың шығармашылық белсенділігін ынталандыру үшін конкурстар мен концерттерге қатыстырады. Қазақстандық шығармашыл жастарды ынталандырып, олардың басын біріктіреді.

Шынын айтсақ, қазіргі жастардың классикалық өнерге қызығушылығы жоғары деп айта алмаймыз. Күләш Байсейітова, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Майра Мұхамедқызы, Нұржамал Үсенбаева сынды апаларының жолын қуған Әмина Серкебаеваның неге дәл опера жанрын тандағаны бізге қызық.

«Өнердің барлық түрі жақсы. Ал опера — күрделі жанр. Операны ұғынып орындау үшін жан-жақтылық, зеректік, көрегенділік

керек. Бұл жанрда бір мезетте әнді де айтып, әртіс те болуың керек. Операның бекзат өнер екенін біреу білсе, біреу біле бермеуі мүмкін. Классикалық өнерге жастардың қызығушылығы онша емес. Өзімнің бұл жолды тандаған себебім, классикалық ән айтуға қатты қызықтым. Бұл саланың басқалардан айырмашылығы жер мен көктей. Мұнда барлығы табиғи түрде болуы қажет, опера жасандылықты көтермейді», — дейді өнерлі қыз.

Расымен, опера жасандылықты көтермейді. Біз оны талабы таудай жас таланттың өзінен, сөзінен, көзінен, өнерінен, бәр-бәрінен байқадық. Байқадық та, оның опера өнеріндегі жолы ашық болса екен деп тіледік.

АТ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАҒАН БАЛНҰР

«Шымкент-Циркте» бір ару бар. Балнұр Салықтың бейнесін бүгінде Қытай, АҚШ, Жапония және Франция жұртшылығы көріп, тандай қағып, тамсанып жүр. Бүрмелі көйлек, көмшат бөрік киіп ат құлағында ойнаған қазақ қызы — ел мақтанышы!

«Джигитовка» жанры әртісінің көзін ашып көргені қазақтың сәйгүлігі болды. Себебі оның әкесі де, анасы ипподромда ат баптаумен айналысыпты. Әкесі ат суытып, бәйгеге тұлпар дайындайды. Үйіндегі қорасынан да жылқы жануары үзілмейді екен. Қанмен берілген атқа деген қызығушылық һәм құштарлықпен Балнұр қыз 9 жасында Ұлттық спорт мектебінің ат спорты секциясына жазылады. Әйтпесе, бұл шырайлы қыз нағыз қалалық. «Ақжайық» шағынауданының тұрғыны. Оқыған мамандығы да ұлттық спортқа еш қатысы жоқ — ұстаз-психолог.

Ат десе, ішкен асын жерге қоятын бегім сол ипподромда конкормен айналысып жүрген жерінен 2016 жылы циркке ауысады. Түр-сұлбасына қарасаң, шынашақтай, талдырмаш

қана. Бірақ «Шымкент-Цирктің» манежіне Ақбура не Чернышты (*цирктің сәйгүліктері*) ерттеп мініп, сән-салтанаты жарасқан ұлттық киімімен жарқырап шыға келгенде ол рухты да қайсар ханшайымның бейнесіне енеді. Ал аттың үстінде небір қызықты да қауіпті, ерекше техникаларды істеген кезде нәзік қыз үшін жаныңды шүберекке түйіп отырасың. Дегенмен үлбіреген жас талшыбықтай нәзік қалпына қарамай, джигитовканы бір кісідей меңгерген кәнігі маман ғой. Батыр қыз дер едік. Өйткені мұндай өрелі өнер екінің бірінің қолынан келмейді.

Жалпы цирктің бұл жанрына жақындауға жүрегі де дауаламайды. Сымбатты сәйгүлікті ептеуге қанша қызықса да, құлап, бір-екі жаракат алғаннан кейін тастап қететіндер көп. Әсілі, мұндай мамандықты шын жақсы көретіндер ғана мақсатына жетеді.

— Өзің талдырмаш та нәзік екенсің. Тұлпарды қалай ырқына көндіресің? — деп сұрадық Балнұрдан.

«Бәрі ұзақ уақыт дайындықтың нәтижесі. Ат үстіндегі адам да, жүйрік те бір толқынға түсуі керек. Басында онай болған жоқ. Әр жеріміз «көгеріп» жүрдік. Дайындық барысында да сүрініп, құлап дегендей... Ал трюкті бір шығарып алғаннан кейін аса қиын болмайды. Бәрі де техникаға байланысты. Техникамен қатар, дене дайындығы да керек. Аяқ-қол өбден жаттыққаннан кейін қазанатқа мініп, желдей есу онай. Кішкентаймынан қазақы атты көріп өскеннен кейін, циркте қыздар жасауы тиіс трюктардың бәрін де істей аламын. Қазірде «джигитовкаға» қызығатын нәзік жандылар өте көп», — деді.

Иә, Балнұр сынды шабандоздар манежте шыққанда көрермендердің ду қол шапалақтап, делебесі қозып, рухы бір сілкінетінін байқау қиын емес. Біз одан болашаққа жоспары туралы

сұрадық. Қайратты қыз «ат ұстайтын фермам болса» деп армандайды. Құдай сәтін салса, цирктегі жұмысын да қатар алып жүргісі келеді. Себебі «атты жақсы көретін, халықтың ыстық ықыласына бөленген адамға бұл саладан кету қиын» дейді өзі.

23 жасар Балнұр Салықтың фотосуреттері Тұрар Қазанғап атты фотографтың фотокөрмесімен әлемді аралап кетуі де кездейсоқ емес-ау!.. Осыдан төрт жыл бұрын ипподромда өткен Наурыз мерекесінде «Қыз қуу» сайысына шығуға дайындалып тұрған жұптарды белгісіз бір фотограф суретке түсіріп әкетеді. Ол кезде суретке түскен де, түсірген де өнерсүйер ортада танымалдылыққа ие боламыз деп әсте ойламағаны анық.

Тұрар Қазанғаптың фотосуреттері арқылы көп адам біздің елмен алғаш рет танысты. Балнұрдың суретін қаншама шетелдіктің көргенін айту қиын. Дегенмен Балнұр Салық атты қазақ қызының ұлттық үлгідегі бейнесі телефоннан телефонға ауысып, әлеуметтік желілерді «шулатып», талайлардың көзайымына айналғаны рас.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы



Геосаясат

Қазақстанға АҚШ-пен жақын қарым-қатынаста болу қажет-ақ. Бұл – Ресей мен Қытайдың осы елге тигізер ықпалын тепе-тең дәрежеде ұстауда аса маңызды стратегия. Ресейдің батысында Беларусь басты одақтасы болса, шығыста – Қытай, ал күнгейде, сөз жоқ, Қазақстан екені белгілі. Қазақ елінің Ресеймен құрлықтағы шекарасы жеті мың шақырымға созылып жатыр. Бұған қоса, Қазақстан Мәскеудің мұрындық болуымен құрылған ТМД, ШЫҰ, ЕАЭО, ҰҚШҰ сияқты интеграциялық жобалардың бөріне белсенді түрде атсалысады. Владимир Путин президент ретінде ең көп (28 рет) Қазақстанға келген. Екінші орында – Беларусь (24 сапар). Дмитрий Медведев те президент лауазымымен шетелге алғашқы сапарын осы күнгейдегі одақтас елге жасаған еді.

Сондай-ақ Қазақстан — Қытайдың Орталық Азиядағы сенімді серіктесі. Нұр-Сұлтан Бейжіңнің осы өңірдегі ауқымды жобаларын жан-жақты қолдайды. Қытай төрағасы Си Зинпин күллі әлемге құрлықтағы «Бір белдеу, бір жол» жобасын алғаш рет дәл осы Қазақ елінде жариялады. Еуразиядағы аса ірі қос алпауыттың ортасында қалған бұл мемлекет, сонымен қатар, АҚШ-тың да Орталық Азиядағы негізгі серіктесі болып жүр. Қазақстан халықаралық дипломатияда тамаша тепе-теңдікті сақтай отырып, бір мезгілде Ресеймен де, Қытаймен де, АҚШ-пен де сындарлы һәм саликалы байланыс орната білді. Алайда әлемдік ірі державалар арасындағы текетірес ушыққан сайын, ресми Нұр-Сұлтанға осы күреске ашық араласпай, геосаяси тепе-теңдікті сақтап тұру қиынға түсіп жатқандай.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕ

Бүгінде Құрама Штаттардың Орталық Азиямен қарым-қатынасы онша мәз емес. Аймақ мемлекеттері Американы Ресей мен Қытайды тежей алатын күш деп есептемейді. Оның үстіне Вашингтон да бұл өңірге мән беруді қойды. Осылайша, американдықтардың аймақтың саяси дамуына ықпал етуі тығырыққа тірелді. Оның үстіне аймақ экономикалық тұрғыдан тартымды емес. АҚШ әскері Ауғанстаннан кеткелі әскери байланыстар да әлсіреді. Дегенмен Казакстан өңірдің мұндай беталысын айқындайтын қалыпқа сай келмейді. Оның Америкамен қарым-қатынасында Ауғанстан да, демократия орнату да ешқашан басым бағыт болған емес. Есесіне, экономикалық байланыс әрдайым көкейкесті мәнге ие болып келді. Кейбір деректер бойынша, мемлекеттік бюджеттің 44 пайызын құрайтын мұнай саласында американдық компаниялар алдыңғы орында. 2019 жылы елде өндірілген «қара алтынның» 30 пайызға жуығы соларға тиесілі. Салыстыра кетейік, CNPC, Sinopec және CITIC сияқты қытай компанияларының үлесі 17 пайызбен шектелсе, «Лукойлдың» (Ресей) еншісінде небәрі — 3 пайыз. Ал американдық Chevron мен ExxonMobil Қазақстандағы аса ірі мұнай компаниясы — «Тенішшевройлға» тиесілі акциялардың 75 пайызына ие. Сондай-ақ әр компанияның шағындау жобаларда да үлесі бар. («Шевронның» елде бизнестің әлеметтік жауапкершілігі сияқты аса маңызды саланы да дамытқанын атап өткен жөн — ред.) Chevron 2020 жылғы есеп бойынша, компанияға қолжетімді әлемдегі мұнай қорының 20 пайызы Қазақстанда екенін алға тартады. Американдық Fluor, Schlumberger және Baker Hughes компаниялар елдегі барлық дерлік мұнай сервисі қызметін көрсетеді. Өзгелері өндіріске қажетті құрал-жабдықты жеткізумен айналысады. Осы техника Америкадан елге келетін импорттың үштен бірін құрайды. Қазақстанда мұнай мен газдан бөлек, General Electric, Citibank, Uber, Starbucks, McDonalds секілді жүздеген америкн компаниясы жұмыс істейді. Осылайша, 2021 жылдың басында АҚШ-тың бұл елге құйған тікелей инвестициясы 40 млрд долларға жуықтады. Қазақ елі мен АҚШ арасындағы сауда айналымы (2 млрд доллар, 2020 жыл), әрине, қазақ-қытай (21,4 млрд) немесе Қазақстан-Ресей (19 млрд доллар) сауда-саттығымен салыстыруға келмейді. Бірақ оның көлемі

Орталық Азия елдерін қоса есептегендегі көрсеткіштен (0,6 млрд доллар) үш есе артық екенін айтқан абзал.

КОНГРЕСТЕГІ КОКУС

Алайда осындай экономикалық ынтымақтастықтың өзі Қазақстанды АҚШ одан бас тартпайтын серіктеске айналдыра алмайды. Өйткені бұл ел американдықтардың ең ірі сауда серіктесі болып табылатын 70 мемлекеттің қатарына кірмейді. Дегенмен осының өзі басқа салалардағы терең ықпалдастыққа арқау бола алады. Вашингтон әу бастан-ақ Қазақ елін өзінің Орталық Азиядағы әлеуетті серіктесі деп білді. АҚШ — бұрынғы астана Алматыда өз елшілігін ашқан тұңғыш мемлекет. Ал Нұрсұлтан Назарбаев — Құрама Штаттарға Орталық Азиядан барған тұңғыш президент. Екі елдегі түрлі саяси институттардың өкілдері бір-бірін жақсы біледі, жиі араласып тұрады. 2012 жылдан бері Стратегиялық серіктестік комиссиясы шеңберінде сыртқы істер министрлерінің (Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиязев тұсында бес жыл бойы

ЕЛДІҢ ТҰТАСТЫҒЫНА КӨЗ АЛАРТУ

Әлгінде атап өткендей, Америкамен жақын қарым-қатынас Қазақстанға көпвекторлық саясатты жүргізуге мүмкіндік береді. Дейтұрғанмен, кейде көршілерден, әсіресе, Мәскеуден Казакстан басшылығын әжептәуір аландататын орынсыз пікірлер айтылып жатады. Мәселен, қайсыбір ресейлік саясаткерлер мен депутаттар ашық түрде Казакстан жерінің тұтастығына көз алартуға дейін барды. Ал елдің сыртқы істер министрлігі мен Кремль мұндай әумесер мәлімдемені ауыздықтауға асықпайды. Сондай-ақ Мәскеу қазақ достарын Батыспен ауыз жаласты деп сынайды. Айталық, 2018 жылы министр Сергей Лавров «Қазакстан американдық әскери емес тауарлардың Каспий теңізіндегі айлақтар арқылы Ауғанстанға транзиттік тасымал жасауына рұқсат берді» деп өкпе-ренішін білдірді. Содан кейін Пентагон Қазақстандағы екі биозертхананы қаржыландырған кезде де наразылық білдірілді. Тіпті Владимир Соловьев (Ресей мемлекеттік телеарнасының жүргізушісі — ред.) аталған зертханаларды бомбалау жөнінде ұсыныс жасады. Солардың

Үшіншіден, Казакстан терістік көршінің мәдени ықпалын азайтуға күш салуда. Бұл жерде тіл саясаты айрықша мәнге ие. Соңғы жылдары қазақ тілінің ролі артып келеді. Кирилл әліпбиінен латыншаға көшу және қазақ орфографиясын реформалау ісі жалғасуда. Мәселен, 2023 жылға қарай барлық мектептерді жана әлібиге көшіру жоспарланған (латын әліпбиіне көшу 2023 жылы басталуы тиіс — ред.) Бұған қоса, ресейлік телеарналардың хабар таратуы көлемі шектелуде. Төртінші бағыт — Ресеймен де, Қытаймен де, АҚШ-пен достық байланысты сақтап қалу. Осындай ұстаным ірі державалардан түрлі жеңілдіктер алуға тиімді мүмкіндік. Айталық, Вашингтон демократия мен адам құқықтары саласындағы көптеген түйткілдерге қарамастан, Нұр-Сұлтанмен сындарлы қарым-қатынасын жалғастырып келеді. Соның ішінде білім саласында. 1993 жылы Н.Назарбаев негізін қалаған «Болашақ» бағдарламасы арқылы мыңдаған жастар Америкада білім алуда. Мәскеу 1991 жылдан бері Қазақстанға 2,5 миллиардтан астам доллардың қару-жарағын берді. Қарулы Күштері шағындау ел үшін бұл тым үлкен сома. Ал Қытай 2018 жылдан бастап қазақтың ауыл шаруашылығына өзінің шетсіз-шексіз ішкі базарын айқара ашты.

ТАРАЗЫНЫҢ ЕКІ БАСЫ

Мұның екінші жағы да бар. Әлгі мемлекеттер өзгемен текетіресте Қазақстанды өз жағына тартқысы келеді. Бұл ретте Мәскеу ерекше белсенді. Бірақ Нұр-Сұлтан оны кейбір кезде ғана қолдап, бейтарап қалуға тырысады. Мәселен, Қазақ билігі Қырымды Ресейдің аумағы деп таныған жоқ. Алайда Президент Қ.Тоқаев болған жәйтті «аннексия» деп есептемейді. Қытай да АҚШ-пен тайталаста Қазақстанды өз жағында көргісі келеді. Қытай+Орталық Азия (C+C5) форматында өткен алғашқы ашық кездесуде Бейжің аймақтың барлық мемлекеттерін АҚШ Ауғанстаннан әскерін әкеткенде «жауапкершілік танытуы тиіс» деген сипатта Вашингтонға үндеу жолдауға көндірді. Шыңжаң бойынша да халықаралық қолдауға ие болу Қытай үшін маңызды мәселе. АҚШ та Қытаймен арадағы текетіресте Қазақ елінің өз сапында болғанын қалайды. Американың бұрынғы басшылығы бұл ниетін жасырмайтын. Өткен жылдың ақпан айында сол кездегі мемлекеттік хатшы Майк Помпео Қазақстанға сапары барысында тек елдің қытай ықпалына қарсы тұрудың қажеттігін айтумен болды. Қытай мен АҚШ арасындағы шиеленіс өршіген сайын Қазақстанға сындарлы бағытынан айнымау қиынға түскелі тұр. Бірақ ресми Нұр-Сұлтанға бәрімен достасудан, белгілі бір қашықтық ұстаудан басқа амал жоқ. Өз кезегінде, алпауыт мемлекеттердің қолында да Қазақ елін өз қолтығының астына басыбайлы кіргізетін тетік жоқ. Мәскеу мен Бейжің де көршісінен алыстап кете алмайды. Оның үстіне Ресей онсыз ЕАЭО-ны да, ҰҚШҰ-ны елесте алмайтын ең сенімді әрі соңғы серіктестердің бірі болып табылатын елмен ат құйрығын үзіскісі келмейді. Бейжің Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық аймағымен қанаттас жатқан үлкен көршісінің осы өңірдегі тұрақтылықты баянды етуге атсалыса бергенін қалайды. Қытай инвесторларының келуіне ықпал етіп, Аспан асты елі мен бұрынғы кенестік кеністік және Еуропа арасындағы шешуші өткел (транзит) қызметін атқаруы да көкейкесті мәнге ие. Сондай-ақ Си Зинпиннің ғаламат жобасы — Жібек Жолы Экономикалық белдеуінде де Қазақстанның ролі орасан зор. Қазақстан — американдықтардың Орталық Азияда болуына мүдделі Құрама Штаттардың бірден-бір серіктесі. Ол Қырғызстан немесе И.Карімов тұсындағы Өзбекстан сияқты емес, сол сәттегі пайдасы үшін шешімі мен ұстанымын өзгерте салмайды. Таразының басын тең ұстау Қазақстан сыртқы саясатының өзегінде жатыр. Сыртқы күшті қолдану арқылы оны өзгертуге бағытталған кез келген әрекет тегеурінді тойтарысқа тап болады. Елде билік транзиті жүріп жатқанына қарамастан, бұл бағыттың жақын келешекте өзгеруі екіталай. Оның үстіне Қазақстанның екінші президенті де осыны паш етіп тұрғандай. Тоқаев — қытайтанушы, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын бітірген, дипломатиялық мансабын БҰҰ-да өсірген.

Темур УМАРОВ,
Карнеги қорының сарапшысы
Мәскеу

(Ықшамдалып аударылды)
Мақалада айтылған жәйттер
авторың жеке пікірі болып табылады.
Редакцияның көзқарасын білдірмейді.



жүргізілген реформалардан кейін тек 2021 жылы ғана Вашингтоннан осындай комиссия құру жөнінде уәдесе қол жеткізді) кездесуі өткізіледі. Бұған қоса, Қазақстан мен АҚШ арасында энергетикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша министрлік деңгейінде комиссиялар бар. Бизнес пен қоғамдастық сатысында да байланыс орнаған. АҚШ Конгресінде Қазақстан кокусы жұмыс істейді. Орталық Азия тұрғындары арасында ең көп америкн визасын алатындар да Қазақ елінің азаматтары. Әскери салада да ынтымақтастық жолға қойылған. Қазақстан 2003 жылдан бері НАТО-мен бірлесіп, «Дала қыраны» әскери жаттығу өткізіп келеді. 2004-2019 жылдары АҚШ бұл елге 43 млн доллардың қару-жарағын берді. Бұл аймақтағы барлық елдерді есептегендегі көрсеткіштен де артық. Екі ел арасындағы тығыз байланысқа Қазақстандағы мемлекеттік идеологияда Ресей мен бұрынғы КСРО-дағы кейбір елдерге тән Батысқа қарсы насихаттың жоқтығы да ықпал етуде. Елде Ресейде жағымысыз деп танылған Соростын «Ашық қоғам» сықылды бейресми ұйымдары жұмыс істейді. Бұрынғы қоғамдық даму министрі Дархан Қалетаевтың айтуынша, Қазақстандағы осындай үкіметтік емес ұйымдар шетелден 13,6 млн доллардың грантын алады. Бұлардың 70 пайызы АҚШ-тан келеді.

бірі миллионнан астам тұрғыны бар Алматы маңында екенін білсе де. Мұндай ашулы әрекетке Қазақ билігінің 2015 жылы АҚШ пен бірқатар Еуропа елдерінің азаматтары үшін қысқа мерзімді визаны алып тастауы себеп болса керек. Шығыстағы алып көрші — Қытайдың көпке беймәлімдеу бір сайты бытырғы көктемде қазақтың жеріне көз алартқан мазмұнда макала жариялапты. Осыдан кейін Қытай елшісі Қазақстан сыртқы істер министрлігіне шақырылды. Қазақстанның мұндай әрекеттерге жауабын түрлі деңгейде топшылауға болады. Біріншіден, ел билігі наразылық білдіреді. Бірақ дипломатиялық хаттама шеңберінен шықпайды. Жыл басында ресейлік бірнеше депутат «Қазақстан аумағы — Ресей мен Кеңес Одағы тарапынан берілген сый» деп мәлімдеді. Іле-шала елдің сыртқы істер министрлігі Ресейдің уақытша сенімді өкілі Александр Комаровқа наразылық нотасын тапсырды. Ал Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Суверенный Казахстан» журналында макала жариялап, «Ата-бабамыздан бізге мирас боп қалған қасиетті жеріміз — біздің басты байлығымыз. Оны бізге ешкім «сыйға берген жоқ». Отанымыздың тарихы 1991 немесе 1936 жылы басталмайды» деп шегелеп айтты. Екіншіден, Казакстан (әсіресе, 2014 жылғы Украинадағы оқиғалардан кейін) ел ішіндегі сепаратистік пиғылмен ымырасыз күресе бастады.

Кәсіпкерлік

Бүгінде облыстың әр тұсында ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін кәсіпорындардың саны артып, азық-түлікпен қамтамасыз етудің даңғыл жолы ашылды. Ең бастысы, өндірілген өнімді тұтынушыға жеткізіп, төккен төрдің өтеуін толығымен ақтау маңызды.

ӨНДІРУШІГЕ ДЕ, ТҰТЫНУШЫҒА ДА ТИІМДІ

Аймақтағы кәсіпорындар мен агрофермалар өндірген тауарының бір бөлігін экспортқа шығарса, енді бір бөлігін ішкі нарықты қамтамасыз етуге бағыттайды. Облыс аумағындағы өндірушілер өз тауарын еліміздегі Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент сияқты мегаполистің тұтынушыларына жеткізуде қандай да кедергілерге кездесетіні жасырын емес.

Осыған дейін «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы Алматы облысының өндірушілеріне ірі қалалардағы сауда желілерімен өзара байланысты күшейтуге және өнімдерді өткізуге көмектесу мақсатында Алматы қаласындағы ірі сауда желілерімен бірлескен кездесу ұйымдастырып, оның қорытындысы бойынша сүт және сүт өнімдерін, кант, жұмыртқа және басқа да азық-түлік өнімдерін тікелей жеткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізген болатын. Корпорация өкілдерінің айтуынша, бұл шаралар Мемлекет басшысының әлеуметтік

алқапқа күріш екті. Қазіргі таңда өнімдегі «АФ Бірлік» ЖШС, «Динара» ӨК және «Өтес-Ақдала» ЖШС, сонымен қоса, «АФ Өтес» жоғары өнімдерге қол жеткізіп келеді.

Ерекше атап өтетін бір жәйт, Балқаш өңірінде өсірілген күріш экологиялық сапасымен ерекшеленеді. Оған бір жылдары шетелдіктердің өздері де көз жеткізген. Бірнеше рет арнайы келіп, топырақ пен судың, тіпті ауаның да құрамын мұқият зерттеген олар бұл өнімде өсірілген өнімнен



балалар тағамын дайындауға болады деген тұжырымға тоқтапты. Мұның өзі өнімге берілген жоғары баға. Басқа басқа, шетелдіктердің балалар тағамының тазалығына ерекше мән беретіндіктері белгілі ғой. Осындай еккен күріші жоғары бағаға ие болып келе жатқан ұжымның бірі — Алматы облысы Балқаш ауданы Бірлік ауылындағы «Агроферма Бірлік» ЖШС деп аталатын күріш шығаратын кәсіпорын. «Агрофирма Бірлік» ЖШС директоры Алмас Қыстаубаев: «Ақ маржан» өсірумен айналысатын шаруашылықтардың оны ақтауды да қолға

алуы өмірдің өзінен туындап отырған қажеттілік. Ондай шағын зауыттар осы өнімдегі серіктестіктердің қай-қайсысында да бар десек, асырып айтқандық емес. Бұрындары мұндай өндіріс орындары жиналған күріштің бір бөлігін үлгергенінше ақтап, қалғанын астық қабылдау кәсіпорындарына шала күйінде өткізілетін. Сол кезде, шыны керек, бастырылған астық толықтай өздерінде ақталып, сауда орындарына дайын өнім күйінде өткізілсе, табыс та еселене түсер еді-ау деген ой көңілдің бір түкпірінде тұратын еді. Қазір сол мүмкіндікке қолымыз жетті.



маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жөніндегі тапсырмасын іске асыруға бағытталған.

Жуырда Алматы облысының тауар өндірушілері мен Алматы қаласының ірі сауда желілері арасында өнімді тікелей өткізу туралы келісім жасалды. Бұл келісім бойынша облыстағы күнбағыс майы, күріш және сиыр етін өндіретін кәсіпорындар мен агрофермалардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары Алматы қаласының тұрақтандыру қорына жеткізілмек.

Жұмыс сапары аясында жергілікті тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау тетіктері, атап айтқанда, айналым қаражатын толықтыру үшін жеңілдетілген несиелердің тетіктері де де айтылды. Бүгінде Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын ұстап тұру мақсатында тұрақтандыру қорын толтыруға және кәсіпкерлік субъектілеріне, сауда кәсіпорындарына, сондай-ақ өнімді тауар өндірушілеріне жеңілдетілген несиелер беру мақсатында бюджеттен 3 млрд теңге бөлінген. Несие алған кәсіпкерлік субъектілері бағаны ұстап тұруға міндеттенді. Әлеуметтік



маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу және өткізу үшін «Toimart» ірі сауда желісі, «Когер ЛТД» ЖШС, «Ақсай нан» ЖШС, «Ақсу кант» ЖШС, «Лаззат-2016» ЖШС және басқа да өндірушілерге жеңілдетілген несиелер берілді.

Жеңілдетілген несиелер өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және тұрғындарға тауарлардың қолжетімділігін арттыруға көмектеседі. Жоғарыда аталған келісім бойынша, қала мен облыс арасында 2021 жылдың қыркүйегінен 2022 жылдың сәуіріне дейін құны 2,5 млрд теңгеге 22 мың тонна көкөністі «форвардтық» сатып алу шарты жасалды. Бұдан бөлек, аталған келісім Алматы облысындағы күріш өсіретін және оның өнімін өндіретін агрофермалардың жұмысын жетілдіре түсетіні белгілі болды.

Жетісу өлкесінде ақ күріш Балқаш және Қаратал аудандарында өсіріледі. Дегенмен басым бөлігі Бақанастың күріші, ол нарықта жоғары бағаға ие. Өйткені Ленін құнарлы суы Қапшағайда біраз жылыған соң күрішке түсіріледі. Ал суды жақсы көретін дақыл бойына суды сіңірген соң ғана бой алады. Арада өткен 100 күннен соң жайқалған ақ күрішке комбайн түсіп, дәнді дақылды қырманға аттандырады. Биыл балқаштықтар 8861 гектар

Бүгінгі таңда зауыт бір ауысымда 10 тонна күріш шаласын ақтайды. Осындай тірліктің арқасында өткен жылы 3,6 мың тонна күріш дайындалды. Қазір біздің өнімдер Қырғызстан, Тәжікстан және Ресейге экспортталады. Сонымен қатар, еліміздің өзге облыстарының да сұранысын қамтамасыз етіп келеді. Алматы қаласы мен облысының тұрғындары да біздің өнімді тұтынады. Жуырда Алматы қаласы мен Алматы облысының арасында келісімшарт жасалып, біз өндірген өнімдерді тұрақты қорға алу жөнінде уағдаластық. Олар келісілген бағамен біздің күрішті алатын жағдайда өнімдізді беруге дайынбыз. Бұл өз кезегінде алдағы жұмыс жоспарымызға серпін береді», — дейді.

Шаруасы шалқып тұрған серіктестік ауыл көлемінде өтетін үлкенді-кішілі шаралардың барлығына дерлік қаржылай қолдау көрсетіп, өз дәрежесінде өтуіне ықпал етеді. Ұлыстың ұлы күні Наурыз бен қарттар мерекесінде, Жана жыл мейрамы мен Балаларды қорғау күнінде атаулы сыйлықтар дайындап, дастарқан жаюды серіктестік әдетте өз мойнына алады. Ауылдық Мәдениет үйінде, орта мектепте өтетін іс-шаралар да осы кәсіпорын басшысының демеушілігімен іске асады.

Бұл Алматы қаласы мен Алматы облысындағы тауар өндірушілер мен ірі сауда желілері арасындағы келісімге қол қойысқан бір ғана кәсіпорының тыныс-тіршілігі. Егер келісім сәтті жалғасып, өндіруші мен сауда желілері арасындағы ынтымақтастық нығая түссе, бағаны ауыздықтап, тұрғындардың сапалы, экологиялық таза азық-түліктерге қол жеткізуіне мүмкіндік туады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Кәсібі – нәсібі

Бізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан қолдау бар. Әрбір азаматтың ұтымды әрі пайдалы іс бастауына қол ұшын беріп, қолтығынан демеуді. Соның арқасында еліміздің түкпір-түкпірінде кәсіптің сан түрін игеріп, шаруасын дөңгелетіп отырғандар аз емес. Кәсіптің көзін тауып, істің жігін жақтыза білген жас кәсіпкердің бірі – Данияр Әбдіразақ.

Жамбыл облысындағы Меркі ауданы Ақтоған ауылында тұратын жігіттің лимон өсіруге ден қойғанына екі жылдың жүзі болыпты.

Қарапайым ауыл баласына бұл ой аспаннан түспегені белгілі. Алматы қаласындағы оқуын тәмамдаған соң, Оңтүстік Кореяда жеті ай шамасында практикadan өткен. Ондағы халықтың кез келген жерге су тартып, егін еккеніне

жасауға 2 миллион теңгеді қаражат жұмсапты. Арнайы жоспар жасап, оны сәтті қорғаған соң мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға арналған 2,5 миллион теңгелік грантты ұтып алған.

Кәсіпкерлерді қолдауға арналған түрлі гранттардан бөлек, өзге де жеңілдіктер бар. Осы тұрғыда 2020 жылдың 1 қаңтары мен 2023 жылдың 1 қаңтары аралығында шағын кәсіпкерлердің жер салығынан босатылғанын атап өтуге болады.

ЛИМОННАН МИЛЛИОНДАП ТАБЫС ТАБУҒА БОЛАДЫ



Бүгінгі таңда жылыжай шаруасымен айналысып жатқан отандастарымыздың саны артуда. Меркілік Данияр Әбдіразақ секілді тәуекелге барып, үлкен істің басында жүрген жандарға мемлекет тарапынан әрқашан көмек көрсетіледі. Себебі экономиканың ілгері дамуы халықтың әлеуметтік жағдайына тікелей қатысты екені анық. Ал жамбылдық кәсіпкер өзі секілді лимон өсіруге қызығып жүргендерге көмектесуге әрқашан әзір. Көмек қолын созып, ақыл-кеңесін айтуға бейіл.

Цитрус өнімдері тропикалық аймақта ғана өседі деген түсініктің тас-талқанын шығарған Данияр Әбдіразақ келешекте лимон жемісін сату арқылы да миллиондап табыс табуға болатынын дәлелдемек. Себебі цитрус өнімдері елімізге алыс-жақын шетелден жеткізілгені, соған сай бағасы да қымбат. Тропикалық жемістерді осылай түрлі тәжірибе

қызыға да, қызғана да қараған Данияр елге оралған соң осы кәсіпті бірден қолға алған. «Біздің аймақтағы ауа райы Кореядағы сияқты. Ол жақта ылғал жоғары болса, бізде жер құнарлы. Бұл кәсіппен қатар, мал шаруашылығымен де айналысамын. Сондықтан арнайы тынайтықш қажет емес. Малдың тезегі тұнып тұрған тынайтықш. Корея таулы аймақта орналасқан, ешқандай бос жатқан жер жоқ. Тау мен тастың арасында жылыжай өсіріп отыр. Соны көргенде «неге біздің кең-байтақ таламызда өсірмеске» деген ой келді», — дейді Данияр Әбдіразақ.

Үндістанда пайда болған өсімдіктің бұл түрі егілген күнінен бастап бес жыл уақыт өткенде ғана өнімді үйіп-төгеді екен. Ал дәл қазір әр тал бар-жоғы 5-6 дана ғана жеміс берген. Кемеліне жеткен уақытында ол көрсеткіш 50-60 келіге дейін өседі екен. Сонда ғана басталған іс өз пайдасын береді. 23 сотық жерді жылыжайға айналдырып, цитрус тұқымдасын еккені бір бөлек, барлық шығынды жабу үшін жанағы жерге қиярды қоса егіпті. Бір окпен екі қоян атқан меркілік кәсіпкерге қызығып, лимон егу шаруасын тағы 4-5 адам қолға алған. Данияр жылыжайды



жасау арқылы өсіруді қолға алып, ішкі нарықтың сұранысын қамтамасыз етуге болады. Ол үшін тек ерінбей, дамылсыз еңбек ету керек.

Мәулен ЖЕКСЕНБІ,
Меркі ауданы
Жамбыл облысы

Шағын бизнес

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕТЕДІ

Кәсіпкерлік сан саланы қамтиды. Қолынан келетін шаруаны дөңгелеткісі келетіндерге мүмкіндік те мол. Айталық, Талдықорғанда кәсіпкер мемлекеттің қайтарымызсыз грантына ағылшын тілін оқытатын орталық ашты.

Өткен жылдың қазан айынан бері 52 қатысушы курсты аяқтаған.

EnglishNext2you авторлық курсының иесі - кәсіпкер Райгүл Желдібаева. Аударма ісінің маманы, гуманитарлық ғылымдар магистрі. Египтус+ халықаралық бағдарламасының екі дүркін стипендиаты. 2015 жылдан бері халықаралық қатынастар саласы бойынша Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде қызмет атқарған. Жеке кәсіппен айналысуға шетелден жинаған тәжірибесі мен білімі толысқан соң бел буыпты.

Жеке кәсіпкер Райгүл Желдібаева: «Халықаралық қатынастар саласында жұмыс істеген кезде шетелде көптеген іс-тәжірибеден өттім. Испания, Кипр, Венгрия, Түркияда болдым. Онда шет тілін үйретудің көптеген әдістемесімен танысып, ағылшын тілін үйретудің авторлық курсына құруды мақсат еттім. Шет тілін үйренушілер үшін ыңғайлы және нәтижелі болатын бағдарлама маңызды. Сондықтан өткен жылы «Атамеке» кәсіпкерлер палатасына жүгініп, кәсіп ашуға қажетті

кеңес тындап, бағыт-бағдарын көрдім. Кәсіпкерлік негіздеріне оқытатын «Бастау Бизнес» жобасына жазылып, оқуымды сәтті аяқтап, сертификат иемдендім. Комиссия мүшелерінің алдында бизнес-жобамды сәтті қорғап, 555 600 теңгелік қайтарымызсыз грантка ие болдым», — дейді.


Авторлық курс оқушыларды IELTS ағылшын тілінің халықаралық тестілеу жүйесіне бейімдеп үйретуге бағытталған.

Кәсіби бағдарланған ағылшын тілін оқып үйрену курсына шектеу жоқ, мектеп оқушылары, студенттер мен ересектер қатыса алады. Курс қатысушылары ағылшын тілінде сөйлеу, жазу, тындау және оқу дағдыларын шынайды. Бүгінгі таңда 52 қатысушы курста қатысып, сертификат алған. Кәсіпкер болашақта ағылшын тілін үйретумен қатар, шетелдік ЖОО-ға түсу бойынша қызмет түрін енгізуді жоспарлап отыр.

Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне 2,5 мыңнан астам жұмыссыз жүрген жас кәсіпкер оқытылған. Жоба бойынша өткен жылы және биыл оқытылғандарды ескергенде 900-ге жуық бизнес-жоба гранттық қаржыландыру мен жеңілдетілген несиелер рәсімдеген.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы





**БРАЙЛЬ
КЕЛГЕН
ӘДІСІМЕ**

«Біреулер киноға түсуді, танымал болуды арман санайды. Мен үшін ауылда жалаңаяқ футбол ойнау нағыз арман», – дейді 8 жасар Расул Ғалымұлы.

4 жасынан «Жайдарманның» жұлдызы болған Расулды қазір «Жетінші арнаның» көрермендері «НяняМан», «Әкесінің баласы» сериалдарынан жақсы таниды. Кішкентайынан сахна, телеэкраннан түспеген Расулдың актерлік қабілеті кімді де болмасын тенті етпей қоймайды. Біз де Расулдың өзімен және оның продюсері, әкесі Ғалым Махамбетпен сұхбаттасуды жөн көрдік.

— Фильм түсіру оңай емес екенін білеміз. Өздеріңіз қандай қиындықтарды бастан кешірдіңіздер?



Ғалым: Баламен түсірілімге түсудің өз қиындықтары бар. Ештеңені нақты жоспарлай алмайсың. Ұзын-сонар мәтіндерді жаттау тіптен қиын. Оның үстіне бала болған соң, «шаршадым, өздерін түсіндер» деп кетіп қалатын жағдайлар да кездеседі.

Расул: Негізгі маған жұлдыз болған, киноға түскен ұнайды. Өзімді еркін сезінемін. Камера, микрофон дегендерден қорықпаймын да. Тек анда-санда шаршайтының болмаса. Мысалы, түсірілімдер түнгі уақытқа дейін созылып кетеді. Ұйқың келеді, қарның ашады дегендей.

— Ондай кезде қайтесіздер?
Ғалым: Ондайда мотивация болатын дүниелерді іздейміз. Расулдың бір ерекшелігі ол қазірдің өзінде үлкен адамның тірлігін істейді. Сөзі, ойы сондай. «Ананы әперем, мынаны әперем» дегенді тындамайды. Шоколад беріп алдау денгейінен өтіп кеткенбіз. Ол үшін ең мықты мотивация — «ауылға барасын»!

Расул: Мен Нұр-Сұлтанда дүниеге келсем де, өзімді аралдықпын деп есептеймін. Аралда менің достарым, ағайын-туғандарым бар. Футбол ойнайсың, көше кезесің, кейде төбелесіп те қалуымыз мүмкін (күліп жіберді). Сол бақыт қой!

Ғалым: Ой, Расул пойызды көргеннен аяқ киімін шешіп, лактыра бастайды. «Болды ауыл басталды» деп. Ауылды қатты сағынады.

— Баламен кино түсіру идеясы қайдан шықты?

Ғалым: Расулдың дарыны ерекше. Сосын ол «Жайдармандар» ортасында өскен бала ғой. Мен 21 жасымда КВН ойнап жүрген шағымда Қызылордадан Есен Елеукең алдырған.

Барымызды буып-түйіп, еліміздің астанасына келдік. Бір топ «жайдарманшылар» бір үйде тұратынбыз. Расул сонда дүниеге келді. Кішкентайынан өнер адамдарының ортасында. Тілі ерте шықты. Қызық көріп, «ананы айтшы, мынаны айтшы» деп жігіттер әзіл көріп, боғауыз айтуды үйретіп қоятын.

Расулдың 2 жасынан біз оны қызық көріп, Инстаграмға түсіретінбіз. Сонда лайк, коммент дегендерді жақсы жинады. Баланың өзіне де ұнағанын байқалды. Фильмге түсуді 4 жастан бастады. Содан бері бірқатар дүниелерді жасадық. Расулдың өзіне де ұнайды.

— Расул, солай ма?

Расул: Әрине! Мықты актер болғым келеді. Өткенде Илон Маск басқа планетада кино түсіру туралы айтты ғой. Мен сол Голливуд, Болливудта ғана емес, Айда, Марста киноға түсетіндей актер болсам екен.

— Алдына қойған мақсатың қандай?

Расул: Актер болудан басқа ма? Мықты бизнесмен болсам екен деймін, кете береді ғой.

Ауылымды сағындым

— Қазіргі күні ел арасында түрлі сын-пікір көп айтылады. Солардың арасында жиі кездесетіні әкесі ретінде сізге тағылатын айып, яғни «баланың балалық шағын құртты» деген сөз. Бұған сіздің айтар уәжіңіз?

Ғалым: Өз басым онымен келіспеймін. Расул ойынды да, сабағын да, киноны да үлгеріп жүр. Егер балада талант болса, оны шектемей, ата-ана ретінде жетілдіріп, демеуіміз керек деп ойлаймын. Өзім еркін өскен ұлдардың бірімін. Бармаған үйірмем қалған жоқ. Сурет те салатынымын. Кейіннен «Жайдарманға» бет бұрдым. Ол кезде маған ешкім «кой» демеді. Соның арқасында, шүкір, талпынып жұмыс жасап, бала-шағамызды асырап жүрміз.



Расул: Мен осындай колдаудың арқасында өзім жақсы көретін іспен айналысып жүрмін. Киноға түскен де, киноны көрген де ұнайды. Күнделікті көретінім, 7 арнаның «Сержан братан», «Тақиясыз періштесі». Әсіресе, Жанар Айжанованың ойнағанын үлгі етемін. Өскенде Брюс Ли, Джеки Чан сияқты казактан шыққан дүние жүзіне танымал актер болсам екен.

Бірақ дәл қазір мен үшін ең үлкен арман — ауылға барып, достарыммен жалаңаяқ футбол ойнау! Шынымды айтсам, ауылымды қатты сағындым!

Ақсұлу САҒАЛИ



БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq gazetі мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз, дизайн, тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Оқырман назарына жобаға қатысушы Захра Маханованың сұхбатын ұсынамыз.

Былтыр наурыз айының ортасында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өлем бойынша пандемия жариялады. Коронавирусқа қарсы шектеулер біздің елді де айналып өткен жоқ. Карантин өнгізілуіне байланысты еліміздің мәдениет және спорт министрлігіне қарасты мәдениет мекемелері онлайн режимде жұмыс істеуге көшті. Әсіресе, кітапхана ісі онлайн форматта жұмыс істеді. Біз Алматыдағы Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана директоры Асхат Байұзақовпен сұхбаттасып, пандемияның кітапхана тіршілігіне қалай әсер еткенін сұрадық.

әдебиеттерді Ресейдің Санкт-Петербург қаласының баспаханаларынан сатып аламыз. Өз кітапханамыздың «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімінде басылып шығарылып жатқан әдебиеттер жеткіліксіз. Үлкен баспахана болмағандықтан, кітап шығару мүмкіндігі шектеулі.

З.Маханова: Кітапхана қорында өзіңіз ерекше тоқталғыңыз келетін кітаптар бар ма?

А.Байұзақов: Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Атап айтар болсам, ұлт әдебиетінің негізін қалаушы, ел тарихында өшпес із қалдырған ағартушы, ғұлама — Абай Құнанбайұлының «Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ» атты өлеңдер жинағы кітапхананың дыбыс жазу студиясында дыбыстандырылып,

Кітапхана жұмысына пандемия кедергі емес!



З.Маханова: Сабырымыз сынаққа түсіп, өмір сүру дағдымызды өзгерткенімізге жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт кітапхана ісіне қалай әсер еткенін айтып берсеңіз.

А.Байұзақов: Күрделі кезеңде Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана, барлық мәдениет мекемелері сияқты, дәстүрлі жұмыс үрдісінен пайдаланушыларға онлайн режимде қызмет көрсетудің жаңа форматына көшті. 2020 жыл біздің ұжымға, ұжымның әрбір қызметкеріне жемісті жыл болды деп айтар едім. Өйткені карантин жағдайына қарамастан, жұмыс қарқыны саябырлаған жоқ.

Иә, пандемияға байланысты кітапханалық қызмет көрсету үрдістеріміз басқа толқынға ойысты. Жоспарға алған шараларымыздың барлығы онлайн форматта жарияланып отырды. Біздің кітапхана зағип және нашар көретін азаматтарға қызмет көрсететіні баршаға мәлім. Оқырмандарымыз осындай ерекше жандар болғандықтан, оларға қызмет көрсету тәсіліміз де ерекше. Кітапханамыздың дыбыс жазу студиясында дыбыстандырылған 71 аудиокітап әлеуметтік желілердегі кітапхананың парақшалары мен сайтына жүктелді. Ал нүктелі-бедерлі қаріптегі әдебиеттер оқырмандар үйлеріне, Қазақ соқырлар қоғамына қарасты оқу-өндірістік кәсіпорнындағы оқырмандарымызға уақытында жеткізіліп отырды және бұл бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

З.Маханова: Кітапхана қоры және оны толықтыру жайы қалай? Оқырман сұранысына ие кітаптарды қайдан аласыздар?

А.Байұзақов: Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың кітап қорын толықтыруға 2016 жылдан бері мемлекеттен ақша бөлінген жоқ. Кітап қоры сыйға тартылған кітаптармен толығуда. Ал нүктелі-бедерлі қаріптегі сұранысқа ие

аудиокітап түрінде жарық көрді. «Өлеңдер мен аудармалар» жинағы және «Абай жолы» роман-эпопеясының 1,2 томдары қазақ және орыс тілдерінде нүктелі-бедерлі қаріпте басылып шығарылды. Жайпақ баспадағы бір кітап Брайль жүйесіне аударғанда 7-9 кітапты құрайды. Екі том кітап қазақ тілінде 16, орыс тілінде 18 нүктелі-бедерлі кітапты құрады.

Абай мұрасы — біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

З.Маханова: Байқауымызша, онлайн форматтағы конференцияларыңыз халықаралық деңгейде өтіп жатыр. Басқа мемлекеттердегі арнайы кітапхана өкілдерімен тығыз байланыс бар сияқты ғой?

А.Байұзақов: Пандемия кезеңі бізді бірнеше ресейлік арнайы кітапханалармен байланыстырды. Атап айтсақ, Жас кітапханашылардың II слеті аясында өткен Халықаралық онлайн конференцияда: Санкт-Петербург арнайы кітапханасы, Мәскеудегі Ресей мемлекеттік арнайы кітапханасы, Новосібір, Кузбасс облыстық арнайы кітапханалары, Татарстан республикалық, Мукарам Тухватшин атындағы Башқұрт республикалық арнайы кітапханаларының өкілдері баяндама жасап, басқосу аясында өткен екі халықаралық вебинарға қатысты.

Иә, оқырман қауым, Ұлы Абайдың қалдырған асыл мұрасы күні бүгінге дейін өзекті. Жүрегіміздегі мейірім мен имандылық қиындықты жеңуге көмектесуде. Сонымен қатар, әріптестік тығыз байланыс орнауда! Демек, ерекше жылдың да өзіндік жемісі болды. Болашаққа үлкен үмітпен, айқын мақсатпен қадам басайық. Тағылымды тарих пен кемел келешекті ұштастыру — біздің міндетіміз.

Захра МАХАНОВА,
«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ

**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**
Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміз

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2274;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ай-Астана» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.